Алатау

Қоғамдық-саяси газет / Общественно-политическая газета

Газет 2000 жылдан шыға бастады

№ 35 (1038)

03.09.2021

alatau_offset@mail.ru
alatau.aqparat
alatau_gazeti

САЯСАТ

ЖОЛДАУДАҒЫ 5 БАСТАМА

ҚАЗАҚСТАН ПРЕЗИДЕНТІ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВ ПАРЛАМЕНТ ПАЛАТАЛАРЫНЫҢ БІРЛЕСКЕН ОТЫРЫСЫНДА ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНА ЖОЛДАУ ЖАСАДЫ. БҰЛ – ТОҚАЕВТЫҢ ХАЛЫҚҚА ЖАСАҒАН ҮШІНШІ ЖОЛДАУЫ.

Мемлекет басшысы алғашқы жолдауларында да қоғамдағы ең өзекті мәселелерді қамтыған болатын. Биылғы «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» атты Жолдауда да Қазақстанның алдағы даму стратегиясын айқындап берді.

Қасым-Жомарт Тоқаев пандемиядан кейінгі кезеңдегі елді одан әрі дамытуға, денсаулық сақтау жүйесінің тиімділігін арттыруға, сапалы біліммен қамтуға, өңірлік саясатты жетілдіруге, еңбек нарығында тиімді экожүйе құруға, саяси жаңғыруға, адам құқығын қорғау мен ұлтты ұйыстыруға бағытталған бастамаларын жариялады.

Президент Қазақстан халқына Жолдауын ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған сөздерімен бастады.

– Биыл егемен ел болғанымызға 30 жыл толып отыр. Тәуелсіздік – біздің ең қастерлі құндылығымыз. Қазақстан Тұңғыш Президентіміз, Елбасының дара саясатының арқасында табысты ел ретінде бүкіл әлемге танымал болды. Ең басты жетістігіміз – біртұтас ел болып, жаңа мемлекет құрдық. Іргемізді бекітіп, еңсемізді тіктедік. Халықаралық қауымдастықтың белді мүшесіне айналдық. Тұрақты қоғам қалыптастырып, орнықты даму жолына түстік. Мемлекеттілігімізді нығайту үшін бір Ел болып еңбек етіп жатырмыз. Егемендік дегеніміз – жалаң ұран мен жалынды сөз емес. Біз үшін ең маңыздысы – әр азаматтың Тәуелсіздік игілігін сезіне алуы. Оның басты көрінісі – елдегі бейбіт өмір, қоғамдағы тұрақтылық пен тыныштық. Сондай-ақ, халықтың тұрмыс сапасының жақсаруы және жастардың болашаққа нық сеніммен қарауы. Барлық бастамамыз осыған бағытталуда, – деді Президент.

Мемлекет басшысы Жолдаудың негізгі басымдықтарын айқындап, қазақстандықтардың әл-ауқатын арттыру – өзінің Президент ретіндегі басты мақсаты екенін атап өтті.

Бұл мақсатқа жету үшін 5 негізгі бастама айтылды.

Біріншіден, Қасым-Жомарт Тоқаев 2022 жылдың 1 қаңтарынан бастап ең төменгі жалақы мөлшерін 42 500 теңгеден 60 мың теңгеге дейін көбейту туралы шешімін жария етті. Бұл шара 1 млн. адамды тікелей қамтитын болса, еңбек етіп жүрген барлық азаматтарға жанама түрде әсер етеді.

Екіншіден, соңғы 10 жылда кәсіпорын иелерінің табысынан 60 пайызға артта қалып келген еңбекақы қорын көтеру қажеттігін айтты. Осы орайда Үкіметке жұмысшылардың жалақысын көтеру үшін бизнесті ынталандыру шараларын әзірлеуді тапсырды. Жұмысшыларының жалақыларын өсірген жұмыс беру-шілерге сатып алуларда жеңілдік қарастырылып, мемлекеттік қолдауда басымдық беріледі.

Жалғасы 2-бетте

АҢДАТПА

ЭКОЛОГИЯ 3-бет

ОКРУЖАЮЩАЯ СРЕДА

АЛҚАЛЫ ЖИЫН 4-бет

ЖАҢА ТАПСЫРМАЛАР ЖҮКТЕДІ

БІЛІМ КҮНІ 5-бет

АЛТЫ ЖАҢА МЕКТЕП ЖАШЫЛДЫ

ТАНЫМ 9-бет

ҒИБРАТТЫ ХИКАЯТ

БАСПАСӨЗ - 2021

«АЛАТАУ» қоғамдық-саяси газетіне ІІ жарты жылдыққа жазылу жалғасуда

ЖАЗЫЛУ БАҒАСЫ:

редакция арқылы
6 айға – 1820 теңге.
облыстық маңызы бар қалалар үшін "Қазпошта" арқылы
6 айға – 2235,25 теңге.
ауыл тұрғындары үшін
6 айға – 2350,40 теңге.

Полугодовая подписка на общественно-политическую газету «АЛАТАУ»

ЦЕНА ПОДПИСКИ:

с редакции
6 месяцев – 1820 тенге.
для города областного значения через "Казпочту"
6 месяцев – 2235,25 тенге.
для сельского населения
6 месяцев – 2350,40 тенге.

Индексі: 15534

Алатау
Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

САЯСАТ

ЖОЛДАУДАҒЫ 5 БАСТАМА

Жалғасы. Басы 1-бетте.

Үшіншіден, Мемлекет басшысы микро және шағын кәсіпкерліктің еңбекақы төлеу қорынан алынатын бірыңғай төлем көлемін 34 пайыздан 25 пайызға дейін төмендетуді ұсынды. Бұл бизнестің мыңдаған қызметкерін «көлеңкелі айналымнан» шығаруға, зейнетақы, әлеуметтік және медициналық сақтандыру жүйелерінің толық қатысушысы болуына ықпал етеді.

Төртіншіден, Президент 2022 жылдан 2025 жылға дейін мәдениет қызметкерлерінің, мұрағатшылардың, кітапханашылардың, техникалық қызметкерлердің, қорықшылардың, көлік жүргізушілерінің және басқалардың жалақысын жыл сайын орта есеппен 20 пайызға өсіруді тапсырды. Бұл бастаманың игілігін тұтастай алғанда тағы 600 мың қазақстандық көреді.

Бесіншіден, Қасым-Жомарт Тоқаев зейнетақы қорындағы жинақтың алуға болатын бөлігін «Отбасы банктегі» есепшотқа аударып, сол арқылы баспана сатып алуға рұқсат беру керек деп санайды. Оның айтуынша, бұл қаржыны дұрыс жинап, сауатты пайдалану дағдысына үйретеді.

Президент бірлескен отырысқа қатысқан Парламент депутаттарына әрбір заң жобасының қыр-сырына терең үңіліп, оны сапалы дайындауға шақырды. Халықтың мүддесін қорғау жолында әрдайым табандылық танытуы керек екеніне ерекше тоқталды. Мемлекет басшысының айтуынша, әрбір шешім елдің сұранысын да, мемлекеттің мүмкіндігін де ескере отырып қабылдануы қажет.

Қасым-Жомарт Тоқаев сөз соңында мемлекеттік аппараттың тиімді жұмыс істеуі қажет екенін еске салды.

– Мемлекет басшысының саясатына күмәнмен қарайтындар, жұмысын атқара алмайтындар, уақыт өткізіп босқа отыратындар мен Президенттің тапсырмаларын орындаудан жалтаратындар болса, қызмет орындарын босатулары керек. Біз қазір дамуымыздың шешуші кезеңіне қадам бастық. Мемлекеттік аппарат біртұтас механизмдей жұмылып жұмыс істеуге міндетті. Тек сонда ғана біз мақсатымызға жете аламыз, – деді Президент.

ЖОЛДАУҒА-ҚОЛДАУ

ЕЛ ДАМУЫНЫҢ БАҒЫТЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Парламент Палаталарының бірлескен отырысында Қазақстан Халқына арнаған Жолдауын жариялады. Мемлекеттің алдағы бағытын айқындайтын бұл Жолдауда әлеуметтік-экономикалық дамудың жаңа қадамдарына жол ашып отыр.

Жалпы, Жолдау барысында Президентіміз ауыл шаруашылық, цифрландыру, әскери сала, денсаулықпен білім, спорт, өңірлердің дамуы, газдандыру, ауыз-сумен қамтуға қатысты бірқатар мәселелерді ашып жеткізіп, бұл салалардағы мақсат-міндеттерді іске асыруда бірқатар тапсырмалар берді. Сонымен қатар, энергияның жаңа көздері, еңбек қатынастары, көші-қонмен демократизациялау, құқық қорғау саласын да назардан тыс қалдырмай, алдағы міндеттерді атап өтті.

Қоғам арасында талқыға түскен мемлекеттік тіл мәселесінде күн тәртібінен қалдырмай, қазақ тілін білу ол, отаншылдықтың белгісі екенін жеткізді. Сонымен қатар, қоғам арасында белең алып бара жатқан әлеуметтік желілердегі бір күндік атаққұмарлық, вакцинаға қарсы елді үгіттеу сынды өзекті мәселелер қауіпті құбылыс екенін және зиялы қауым тарапынан осындай сұрақтар ұдайы назарда болу қажеттігін атап өтті.

Жолдаудағы қуантарлық жаңалық - ең төменгі жалақы 42 500 теңгеден 60 000 теңгеге дейін өсіруді тапсырды. Аталған тапсырма 2022 жылдың 1 қаңтарынан бастап іске аспақ. Мәдениет саласы, кітапханашы, мұрағатшы, техникалық қызметкерлердің материалдық жағдайы назардан қалмай, алдағы 5 жылда жалақыны жыл сайын 20%-ға өсіру туралы тапсырмасы - еліміздегі 600 мыңнан аса қызметкерге қолдау болмақ.

Жолдауды іске асыру халық қалаулыларының да жіті назарында болмақ. Біздің тарапымыздан, яғни өңіріміздің 300-ден аса депутаттары Жолдауды бір кісідей жүзеге асырып, үлкен қалалардан шалғай ауыл тұрғындарына дейін маңызды құжатты насихаттау - жұмысымыздың бір бағыты болмақ. Ол үшін, мәслихат депутаттары ақпараттық-насихаттық топ құрамына енгізілмек.

Мақсатымыз айқын, Жолдаудың түпкі нәтижесі ол әрбір қазақстандықтың әлеуетінің артыруына бағытталған. Себебі мемлекетіміздің басты байлығы – Қазақстан халқы.

Жанболат ЖӨРГЕНБАЕВ,
Алматы облыстық мәслихатының хатшысы.

БОЛАШАҚҚА АЙҚЫН ЖОЛ

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ПАРЛАМЕНТ ПАЛАТАЛАРЫНЫҢ БІРЛЕСКЕН ОТЫРЫСЫНДА «ХАЛЫҚ БІРЛІГІ ЖӘНЕ ЖҮЙЕЛІ РЕФОРМАЛАР – ЕЛ ӨРКЕНДЕУІНІҢ БЕРІК НЕГІЗІ» АТТЫ ЖОЛДАУЫН ЖАРИЯЛАДЫ. ПРЕЗИДЕНТ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ БИЫЛҒЫ ЖОЛДАУЫНЫҢ БАСЫМ БӨЛІГІ ӘЛЕУМЕТТІК ЖӘНЕ ЭКОНОМИКАЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРГЕ АРНАЛДЫ. БҰЛ ДА ДҰРЫС ШЫҒАР, ӘЛЕМДІ ШАРПЫҒАН ДАҒДАРЫСТАН АЛДЫН АЛУ МЕМЛЕКЕТКЕ ЖҮКТЕЛГЕН ҮЛКЕН ЖАУАПКЕРШІЛІК.

Бағытымызды баяндап, алдағы жоспарларымызды нақтылап өтетін бұл маңызды құжат мұнымен қоса уақыттың қатаң сынына төтеп беруде нақты не істеу қажеттігін көрсетіп бергендей.

Президент 2022 жылдан 2025 жылға дейін мәдениет қызметкерлерінің, мұрағатшылардың, кітапханашылардың, техникалық қызметкерлердің, қорықшылардың, көлік жүргізушілерінің және басқалардың жалақысын жыл сайын орта есеппен 20 пайызға өсіруді тапсырды. Бұл бастаманың игілігін тұтастай алғанда 600 мың қазақстандық көреді.

Мәдениет саласына көңіл аудару дегеніміз қазақ халқының болмысының жандануына жан бітірді дегенмен бірдей. Қазақстан дамудың жаңа дәуіріне қадам басып келеді. Ендігі кезекте, ұлттың беріктігі, бекемдігі үшін жолдауды сараптап қана қоймай, белсене іске кірісуіміз керек. Зерделей қарасақ, Президентіміздің жыл сайын тұрақты түрде ел халқына жолдайтын жолдауларының астарында талай мән жатыр. Жолдау жүктеген міндеттер кезең-кезеңімен орындалып, қазақстандықтардың тұрмыс сапасын арттыру, кәсіпкерлікті қолдау, инфрақұрылымды дамыту, баспана мәселесін шешу сынды тегеурінді басымдықтар жүзеге асқан жағдайда елдің тұрмысы түзеліп, жағдайымыздың жақсаратынына сеніміміз зор.

Ермек ДОЛАНҒАРАНОВ,
Алматы облыстық Халық шығармашылығы орталығының директоры.

COVID-19

БІР АУЫЛДЫҢ ТҰРҒЫНДАРЫ 100 ПАЙЫЗ ЕКПЕ АЛДЫ

ҚОҢЫР АУЫЛДЫҚ ОКРУГІНІҢ ТҰРҒЫНДАРЫ ТОЛЫҚТАЙ КОРОНАВИРУСҚА ҚАРСЫ ЕКПЕ АЛДЫ.

Ауылдық округте 1050 адам тұрады. Оның 80-ге жуығы денсаулық жағдайына байланысты екпе салдырудан босатылған. Тағы 400-і кәмелет жасқа толмаған балалар. Ал, қалған 570 ауыл тұрғыны COVID-19-ға қарсы толықтай вакцина алып, қатерлі дертті тоқтатуға өз үлестерін қосуда.

Ауыл мұғалімдері де екпені толықтай алды. Олар оқу жылын сәтті бастап кетті. Қоңыр ауылындағы орта мектепте 210 оқушы білім алып, 75 мұғалім қызмет етеді. Жалпы айтқанда, оқу орны жеткілікті көлемде жеке қорғау құралдарымен қамтамасыз етілген. Күнделікті кабинеттерде дезинфекция жүргізіліп, сабақтарда балалар әлеуметтік қашықтықты сақтай отырып, бетперде киіп отырады.

Жалпы, Ескелді ауданы бойынша 23600 адам вакцинациялауға жарамды, оның 13600-і коронавирустық инфекцияға қарсы екпені толықтай алды. Бүгінгі күнге тұрғындардың 57 пайызы вакцинацияланған.

Халықты вакциналау үшін Қарабұлақ, Алдабергенов, Ақын Сара және Бақтыбай ауылдарында 4 екпе кабинеті жұмыс істеуде. Қосымша бір жылжымалы медициналық кешен қызмет етеді. Қажет болған жағдайда, ауданның басқа ауылдарында да қосымша 6 егу кабинетін ашуға мүмкіндік бар.

Естеріңізге сала кетсек, осыдан екі апта бұрын Ескелді ауданының Жалғызағаш ауылдық округінің тұрғындары коронавирусқа қарсы екпені толықтай алған болатын.

Бүгінгі күні облыста вакцинаның бірінші бөлігін 678 876 адам салдырды, ал екінші компонентті 559 368 тұрғын қабылдады.

Соңғы тәулікте, облыс бойынша коронавирусқа шалдығудың 282 жағдайы тіркелді. Індетті өсу қарқыны- 0,6% құрап отыр.

«АЛАТАУ-АҚПАРАТ»

Алатау
Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ПОЗНАНИЕ

МОТИВАЦИЯ как стимул жизни

МОТИВАЦИЯ В НАШЕМ СЛУЧАЕ - ЭТО ИМПУЛЬС, ЭНЕРГИЯ, ВДОХНОВЕНИЕ И ВЕКТОР ДЛЯ ДВИЖЕНИЯ ВПЕРЕД ЧТОБЫ ЛЮДИ МОГЛИ ДОСТИЧЬ СВОИХ ЦЕЛЕЙ И РЕАЛИЗОВАТЬ МЕЧТЫ. МЫ СЛЫШИМ МНОГО ИСТОРИЙ О ТОМ ПОЧЕМУ ЧТО-ТО НЕ ПОЛУЧИЛОСЬ ИЛИ НЕ ПОЛУЧАЕТСЯ У ЛЮДЕЙ И У КОМПАНИЙ, И ВСЕГДА НЕУДАЧАМ НАХОДЯТСЯ ОПРАВДАНИЯ.

Это грустно, ведь сколько времени уходит, сколько возможностей мы упускаем, сколько людей теряем из-за страха начать действовать. А ведь нужно всего лишь сделать первый шаг, произнести важные слова. Конечно, легко сказать – сложнее сделать. Но это и не так трудно, как кажется! Каждый из нас придумал себе эту «трудность»!

Да, мы призываем начать действовать, заметить свои привычки, поменять отношение и перейти к новому качеству жизни. Ведь не так важно, почему мы стали такими, какие есть, важно – какие мы сейчас и какими хотим быть через месяц или год.

Все в ваших руках. И все возможно. Очень важно осознать, что есть сейчас: что эффективно в ваших установках, а что нет. Мы все хотим что-то изменить в своей жизни или научиться чему-то новому. Кто-то хочет похудеть, стать более организованным в делах или бросить курить. Другим нужны более глобальные установки, связанные с коррекцией личности, – стать целеустремленнее, суметь разграничить работу и личную жизнь, найти в себе силы уйти с бесперспективной работы и начать все сначала. Неважно, даем мы себе такое обещание под Новый год, в день рождения, после развода или просто в стремлении избавиться от того, что нам надоело в этой жизни. Важно другое – мы чувствуем, что нам нужно переступить порог и сделать серьезный шаг. Но, проходит время, наши замечательные мечты рассеиваются, как дымка, и решение, которое казалось таким важным и необходимым, остается где-то далеко позади. Так происходит не потому, что мы больше не хотим этого, а потому, что мы просто не знаем, как это изменить.Я верю в то, что люди могут меняться. Не поверхностно или временно. Я уверена, что все мы обладаем способностью к изменению нашего внутреннего «я» – изменению нас самих и нашей жизни к лучшему.Мы можем воплотить наши мечты в жизнь или сделать что-то новое, чего никогда не делали раньше. Будут это грандиозные планы или скромные желания – мы все равно можем претворить их в жизнь. Изменения требуют энергии, целеустремленности, сильного желания и безоговорочной установки на результат. Мы должны уметь начинать все сначала, если появляются сомнения или возникают препятствия на пути. Если вы стремитесь к тому, чего хотите добиться в жизни, будьте готовы к подобному неприятию вашей идеи окружающими.Почему некоторые люди могут преодолеть внутреннее сопротивление, а другие продолжают жить с теми же проблемами? Попытки осознать эти вопросы усилились после того, когда я узнала, что 90 процентов пациентов с сердечными заболеваниями не могут изменить свои привычки, чтобы прожить дольше и с меньшими потерями для здоровья. Даже перед самым критическим выбором – жизнь или смерть – они не в силах совладать с собой. Я никогда не поверю в то, что они хотят умереть. Нет, эти люди просто не знают, как сделать выбор в пользу жизни. В каждом из нас есть потенциал для того, чтобы добиться совершенства. Впуская в свою жизнь положительные изменения, мы становимся ближе к тому, чтобы сделать ее насыщенной – во всех проявлениях. Неважно, идет речь о новой привычке или глобальной мечте – вместе с ними растет и ваша душа. Ведь сам по себе процесс перемен дарит нам терпение, чувство юмора, твердость характера, умение быть благодарным, принимать решения и сопереживать. Эти замечательные душевные качества стоят затраченных сил!Стоит лишь раз поверить в себя и двигаться вперед, не оглядываясь на постороннее мнение. Вы проживаете эту жизнь сами. Все в ваших руках.

Ж.ҚАЙРАТҚЫЗЫ.

ЭКОЛОГИЯ

ОКРУЖАЮЩАЯ СРЕДА

Еще в глубокой древности для того, чтобы выжить, человеку необходимо было иметь определенные знания об окружающей среде, о силах природы, растениях и животных. Можно сказать, что цивилизация возникла тогда, когда человек научился использовать огонь и другие средства, позволяющие ему изменять среду своего обитания.

Благодаря достижениям техники мы теперь, казалось бы, меньше зависим от природы в своих насущных потребностях и поэтому склонны забывать, что зависимость эта сохранилась.Сегодня многих взрослых, а порой и детей, тревожат сведения о том, что мы дышим грязным воздухом, едим загрязненную посторонними примесями пищу и пьем такую же плохую воду, заставляя при этом страдать окружающие нас растения и животных вместе с нами. А что будет дальше? Можно ли избавиться от надвигающихся бед? Что нужно сделать немедленно, а какие проблемы пока можно отложить? Мы не обещаем, что будет легко стать экологически грамотными, культурными людьми - это серьезная, но необходимая работа. Почему? Давайте вспомним недавнее прошлое - когда ваши бабушки и дедушки были детьми... Все было иначе. Они купались в чистых речках, озерах, прудах и морях. Собирали незагрязненные грибы и ягоды. В то время еще не выпадали радиоактивные осадки и кислотные дожди, а пища не содержала ядохимикатов и нитратов...

В нашем детстве стало больше дорогих вещей, красивых игрушек, модной одежды, но в мире мы видим отравленную воду, разрушенную почву, обедненные леса и загрязненный воздух. Теперь бабушки и дедушки, мамы и папы стремятся нас научить такому ведению хозяйства, чтобы всего было вдоволь, а вода, воздух, лес и почва оставались бы чистыми. Они наивно и всерьез думают, что им для решения этой проблемы не хватает денег, учебников и кадров. Нет! Они просто не умеют делать то, чему собираются учить вас! А у вас нет выбора: если вы не научитесь хозяйствовать иначе, экологически грамотно, вряд ли ваши дети узнают когда-нибудь, как прекрасен мир живой Природы и как может быть хороша жизнь человека, живущего в гармонии с ней!

Нужно проводить много экологических экскурсий и призывать, каждого оберегать нашу окружающую среду.

Жания КАРАУЛОВА

Алатау
Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

АЛҚАЛЫ ЖИЫН

ЖАҢА ТАПСЫРМАЛАР ЖҮКТЕДІ

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ БИЫЛҒЫ ЖОЛДАУЫНА ОРАЙ АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ ӘКІМДІГІНІҢ МӘЖІЛІС ЗАЛЫНДА АЛҚАЛЫ ЖИЫН ӨТКІЗІЛДІ. ӨҢІР АКТИВІ ПРЕЗИДЕНТ ЖҮКТЕГЕН МІНДЕТТЕР МЕН ТАПСЫРМАЛАРДЫҢ ӨЗЕКТІЛІГІН ОРТАҒА САЛДЫ.

Жиынды облыс әкімі Амандық БАТАЛОВ жүргізіп, Мемлекет басшысының дәстүрлі Жолдауында көтерілген мәселелердің әрбір қазақстандық үшін қаншалықты маңызды екендігіне тоқталып, жарыссөзге шығушыларды таныстырды.

Мінберге көтерілген облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Ермек Келемсейіт, «Қыдырәлі» шаруа қожалығының жетекшісі Сексенбай Шеңгелбаев, «Алматы бояулары» ЖШС-нің басшысы Римма Салықова, Талдықорған орталық бассейнінің директоры Мерей Сүйінов биылғы Жолдауда айтылған тақырыптардың көпшілік көкейінде жүрген мәселелермен үндесетіндігін айтып, халықтың келешегі үшін қолға алынып жатқан келелі істердің өзектілігін алға тартты.

Аудан, қала әкімдіктері селекторлық режимде қатысқан жиынды қорытындылаған облыс әкімі Амандық Баталов: *«Қасым-Жомарт Кемелұлының биылғы Жолдауы қазіргідей күллі әлемді алаңдатқан пандемия кезінде шағын және орта*

кәсіпкерлік жұмысының тоқтап қалмауына баса назар аударып отырғанын көріп отырсыздар. Ондағы айтылған міндеттер мен тапсырмалардың толық орындалуына бәріміз қатысып, жұмыс істеуіміз керек. Жалпы, Президент Алматы облысына ерекше назар аударып отыр. Өткенде жарты жылдықтың есебін тыңдаған кезінде Жетісу жерінің жетістіктеріне баса көңіл бөлді. Сондықтан жауапкершілік жүгін шынайы сезініп, өңірдің өркендеуіне толассыз үлес қосуымыз қажет. Ол үшін экономика, спорт, білім, денсаулық, тұрғын үй және коммуналдық шаруашылық, ішкі істер, қорғаныс, ұлттық қауіпсіздік сынды салаларды қатаң қадағалауда ұстап, тиімді жұмыс жүргізуге тиіспіз», – деді.

Сондай-ақ, аймақ басшысы Жолдауда айтылған тапсырмалардың орындалуын қадағалауды әр салаға жауапты орынбасарлары мен департамент, басқарма басшыларына жүктеді.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ

МӘСЛИХАТ

АЙМАҚ ДАМУЫ – ДЕПУТАТТАР НАЗАРЫНДА

Биылғы жыл үлкен саяси науқан – 10 қаңтар күні Парламент Мәжілісі мен облыстық, аудандық, қалалық мәслихаттардағы халық қалаулыларын сайлаумен басталғаны баршаңызға белгілі. Сайлаушылар өз таңдауын дұрыс жасауының арқасында заң шығарушы және өңірдегі өкілді органдар жаңа құраммен толықты.

Жалпы, VII шақырылымдағы Алматы облыстық мәслихатында 360 депутат ел дамуы жолында еңбек етіп келеді. Оның ішінде 45 облыстық мәслихаттың депутаттары.

Биылғы қаңтар-шілде аралығында облыстағы өнеркәсіп өндірісінің көлемі 14,8%-ға, құрылыс жұмыстары 8,4%-ға, сауда 1,0%-ға, ауыл шаруашылығы 0,9%-ға артты. Мемлекеттік бюджетке түскен 403,4 млрд. теңге түсімі өткен жылдың (291,4 млрд.тг) осы кезеңімен салыстырғанда 1,4 есе көп. Облыс экономикасына 311,7 млрд. теңге инвестиция тартылып, өсу қарқыны 3,2%-ды құрады. Жыл соңында инвестиция көлемі 811 млрд. теңге дейін жеткізу жоспарда бар.

Жыл басынан облыстық мәслихаттың VII сессиясы өтіп, өңірдің дамуы жолындағы маңызды мәселелер қаралып, аса жауапты шешімдер қабылданды. Әлеуметтік-экономикалық даму бағытында 46 шешім, оның ішінде 3 нормативті-құқықтық қаулы бекітілді. Қаралған мәселелердің ішінен өңірдің даму бағдарламасы, мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалары, туризм инфрақұрылымының дамуы, тексеру комиссияларының қызметі, автомобиль жолдары, жастар саясатының іске асуы, денсаулық сақтау саласының жағдайы және өзге де өзекті мәселелер бар. Атап айтсақ, биылғы І-ші жартыжылдықтың қорытындысы бойынша түскен кірістер көлемі 114,7%-ға орындалғанын (нақты түсім – 172,8 млрд. теңге, бекітілген жоспар 150,7 млрд. теңге) ескере отырып және шұғыл шешімді талап ететін шығындарды қаржыландыру мақсатында салықтық түсімдер болжамын 30 млрд. теңгеге арттыру туралы ұсыныс облыстық экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасынан енгізіліп, мәслихат сессиясында бекітілді.

Мәслихат депутаттарының жұмысын жүйелендіру, бұқаралық ақпарат құралдарымен жұмыс, халықпен кері тығыз байланысты орнату, заман талабына сай жаңа заңдардың іске асырылуы, қазіргі таңда нормативті-құқықтық актілермен заңдарға енгізілген өзгерістердің бағыттарымен таныстыру мақсатында облыстық мәслихаттың депутаттарымен және аудандық қалалық мәслихат аппараты қызметкерлерінің қатысуымен жергілікті жерлерде кездесулер өткізілді.

Мәслихат қызметіндегі бағыттардың бірі – тұрақты комиссиялардың жұмысы. Жыл басынан бері 23 отырыс ұйымдастырылып, әр сала бойынша 39 мәселе қаралды. Олардың қатарында, жолдарды жөндеу, білім, тұрғын-үй коммуналды шаруашылық, жұмыспен қамтудың жол картасы, денсаулық сақтау, құрылыс, ауыл шаруашылығы, инфрақұрылымды дамыту, электроэнергетика, экология, әлеуметтік қорғау, жұмыспен қамту, жер қатынастары және жол көлік саласы сынды аса маңызды бағыттардың нәтижесі талқыланды.

Атап өтерлігі тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы және құрылыс мәселелері жөніндегі тұрақты комиссия мүшелері Алматы облысында «Мүліктің меншік иелері бірлестігін немесе жай серіктестік» институтын енгізу жөніндегі реформаны жүзеге асыру аясында 48 түсіндірме жұмысын, 16 селекторлық жиын, тұрғындардың қатысуымен 1013 жиналыс өткізді.

Облыстық мәслихаттың жанындағы Қоғамдық кеңестің 4 отырысы өтті. Кеңес мүшелері облыстың 2021 жылғы бюджетіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу, өңірдің 2020 жылғы әлеуметтік-экономикалық дамуы мен 2021 жылғы міндеттері, қатты тұрмыстық қалдықтарды жинау, сұрыптау, жою және көму мәселелері, мемлекеттік органдар тарапынан көрсетілетін мемлекеттік қызметтің сапасына қоғамдық мониторинг жүргізу нәтижелері сынды мәселелерді қарап, тиісті ұсыныс-ескертпелер берді. Сонымен қатар, жергілікті атқарушы және өкілді органдардың нормативті-құқықтық актілердің 20 жобасын талқыланды.

Алматы облысының мәслихаты мен тексеру комиссиясы арасындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестегі өзара іс-қимыл туралы меморандумды іске асыру шеңберінде Облыстық тексеру комиссиясымен бірлескен екі отырыс өткізілді.

«Nur Otan» партиясы «Өзгерістер жолы: Әр азаматқа лайықты өмір!» Сайлауалды бағдарламасын іске асыру жөніндегі Жол картасының іске асыруын бақылау мақсатында облыстық мәслихатының депутаттары, тұрақты комиссия мүшелері 2021 жылдың 3 - 10 маусым аралығында аудан мен қалаларда әлеуметтік сала бойынша күрделі жөндеу жұмыстары жүргізіліп жатқан 9 мәдениет үйі және 34 мектептің құрылыс нысандарына мониторинг жүргізді.

Бағдарлама аясында облыс бойынша жаңадан 7 өндіріс орны ашылды. Сонымен қатар, 506,3 мың шаршы метр тұрғын үйдің құрылысы жоспарлануда, оның ішінде бюджет есебінен биыл 2603 пәтерлі 521 тұрғын үй салынбақ. Алғашқы жартыжылдықта 245 отбасы, оның ішінде 15 көп балалы отбасы баспаналы болды. Бұдан бөлек, 3 дәрігерлік амбулатория, 89 балабақша (Іле ауданында – 7, Қарасай ауданында – 48, Талғарда – 34), 2 спорт-сауықтыру кешені (Балқаш, Райымбек аудандарында), 106,5 км сумен қамту нысандары, 509 км газбен қамту нысандары салынып, 41,9 км автомобиль жолдары жөнделді.

Депутаттардың Сайлауалды бағдарламасындағы миссияның бірі азаматтардың мәселелерін шешу және құзырлы органдар арасында алтын көпір болу. Осы орайда депутаттар жыл басынан азаматтармен кері байланыс орнатуда саяси партиялардың қоғамдық қабылдау алаңдарында тұрғындардың мәселелерін қарап, нәтижелі жұмыс атқарды.

Халық қалаулылары 738 қабылдау өткізіп, 1005 адамды қабылдады. Қабылдаулардың арқасында 646 өтініш немесе бар мәселенің 64,2% оңдышешім тапты. Қалған 359 мәселе бақылауда.

Айтып өтерлігі, халық қалаулылары карантин талаптарының күшеюіне орай, әлеуметтік желілердің мүмкіндігін кеңінен пайдаланып, қоғамдық қабылдауларды онлайн өткізуде. Мәселен, саяси партиялармен бірлесе өткізілген «Депутатқа сауал қой» акциясы аясында «Instagram» «Facebook» желілері арқылы 360-тан астам тікелей эфир жүргізіліп, оған 50 мыңнан астам халық қатысты. Депутаттар желілердегі тікелей эфирді одан әрі жалғастыруды жоспарлап отыр.

Депутаттық сауал – мемлекеттік басқару органдарына немесе лауазымды тұлғалардың қызметіне қатысты мәселелерге түсініктеме беруін сұрайтын халық қалаулысы жұмысындағы ерекше бағыт. Жыл басынан бері облыстық мәслихат депутаттары 103 сауал жолдаған. Басым көпшілігі әлеуметтік тақырыптар, газ тарту мен жолдарды жөндеу, инфрақұрылым тарту, білім беру мекемелері мен мүмкіндігі шектеулі жандарға көмек көрсету сынды маңызды мәселелерді қамтыған.

Халқымызда: «Қайыр қылсаң – бүтін қыл» деген мақал бар. Осы орайда халық қалаулыларының қайырымдылық бағытындағы істері көпке үлгі. Атап айтсақ, жыл басынан бері 5000-нан астам жетісулық азаматқа жалпы сомасы 90 578 500 теңге көлемінде қайырымдылық көмек көрсетіліп, мұқтаж жандардың қажеттілігі өтелді. Сонымен қатар, «Мектепке жол» акциясы аясында өңір депутаттары жалпы 25 832 600 теңге көлеміндегі қаражатқа 1107 баланы қажетті мектеп құралдары, киім-кешектермен қамтамасыз етті.

Биылғы жылдың құрғақшылығы еліміздің кейбір өңірлеріндегі жемшөптің жетіспеушілігін тудырды. Соған орай халық қалаулылары Маңғыстау облысындағы мал азығының жетіспеушілігіне бірден назар аударып, қолдау көрсетті.

Барлық депутат осындай игілікті істердің ұйытқысы болудан тартынған емес және бұл бағыттағы жұмысты жалғастыра бермек.

Мәслихат тарапынан көтерілген тағы бір жақсы бастама – «Кітапханаға кітап сыйла» акциясы. Жер жаннаты Жетісуда қолға алынған игі бастаманы мәслихат депутаттары дереу қолдап, білім ошақтары – кітапханалар қорын молайтуды жалғастырды.

Өңір депутаттарының 345-і немесе 95,8%-ы әлеуметтік желілерді белсенді пайдаланушылардың қатарында. «Facebook», «Instagram» желілерінде және «Telegram» «Youtube» каналдар жұмыс жасайды.

Мәслихат қызметі мен депутаттардың атқарған игілікті ісі – Жетісу жерінің дамуына ерекше серпін беріп, алға қойған мақсат-міндеттерді үлкен абыроймен және жауапкершілікпен атқаруға септігін тигізеді деп сенеміз. Алдағы бес жылда халық алдында берген сертімізден таймай, алға қойған мақсат-міндеттерді біз бірігіп іске асырып, нәтижесін көрсету басты миссиямыз болмақ!

Жанболат ЖӨРГЕНБАЕВ
Алматы облыстық мәслихатының хатшысы.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

БІЛІМ КҮНІ

АЛТЫ ЖАҢА МЕКТЕП ашылды

Бір жарым жыл бойы мектеп көрмей, үйде оқу оңай болған жоқ. Бұл күндер ұстаздарды да, оқушыларды да, ата-аналарды да әбден сансыратты десек болады. Енді, міне, биылғы жаңа оқу жылында білім ошақтарының іші балалардың сыңғырлаған күлкісіне толып, қайта жаңғырды. Еліміздің барлық білім ошағы дәстүрлі форматта білім беруге көшті.

Биыл мектептерде оқу жүйесі санитарлық шектеулерді сақтай отырып, штаттық режимде жүргізіледі. Оқыту мерзімі жазғы мектеп есебінен төрт аптаға ұзартылған. Ал, сабақтың ұзақтығы - 45 минут.

Сондай-ақ, «Бір сынып - бір кабинет» жүйесі қолданылады. Барлық білім беру ұйымында білім беру процесіне қатысушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету және денсаулығын сақтау мақсатында санитариялық-эпидемиологиялық шаралар қабылданды. Атап айтқанда, күнделікті термометрия, желдету, дезинфекция, «Ashyq» жүйесін қолдану, мұғалімдер мен қызметкерлерді 100% вакцинациялау. Бүгінде жалпы педагогтердің 91 пайызы, техникалық қызметкерлердің 93 пайызы вакцинация алды.

БИЫЛҒЫ жаңа оқу жылының жаңалығы 1 сыныпта «Әліппе», «Ана тілі», «Цифрлық сауаттылық» пәндері енгізілді. Сондай-ақ, жаңа оқу жылында білім алушыларға мектеп формасы бойынша талаптар сақталып, классикалық стилдегі ыңғайлы киіммен баруға рұқсат етілді.

* * *

ЖАҢА оқу жылында Талдықорған қаласындағы 48 жылдық тарихы бар Абай атындағы №1 орта мектеп-гимназиясы күрделі жөндеуден өтіп, есігін айқара ашты.

Талдықорғандағы бетке ұстар мектеп оқу жылын 1700 оқушымен бастап отыр. Ал біріші сыныпқа 174 бала қабылданды. Солардың қатарында Айзере Арманқызы да бар. Алғаш меткеп табалдырығын аттаған бүлдіршін 1 «А» сынып оқушысы атанды.

«Мен мектепке оқуға келдім. Маған оқу-жазу ұнайды. Өскенде дәрігер болғым келеді. Сол үшін сабағымды тек беске оқимын», – дейді Айзере.

Күрделі жөндеуден өтіп, кемкетігі ретке келген оқу ордасының материалдық-техникалық базасы да жаңартылған. Оқушылардың жан-жақты білім алуына бар мүмкіндік қарастырылған. Ендігіде, балалар физика, химия, биология пәндерінен зертханалық жұмыстарын емін-еркін жасай алатын болады. Компьютерлік құрал-жабдықтарменде толықтай қамтамасыз етілген.

АЙТА кетейік, облыс бойынша білім күні Іле ауданында, Қарой ауылында 900 орындық, Боралдай кентінде 300 бала және Қосөзек ауылында 600 орындық жаңа мектептер салтанатты түрде есіктерін айқара ашты.

Сондай-ақ, Панфилов ауданы Аққұдық ауылының оқушылары үшін 120 орындық білім ордасында алқашқы қоңырау соғылды. Қарасай ауданының Батан ауылындағы 450 орындық жаңа оқу орыны пайдалануға берілді. 1-қыркүйекте қоңырау үні естілген мектептер қатарын Ескелді ауданының Абай ауылындағы 25 балаға арналған мектепке дейінгі шағын орталығы бар 180 орындық білім ошағы толықтырды. Ұзынсаны облыс маңындағы аудандарда алты мектеп қолданысқа берілді.

С. БАЗАРҚҰЛОВА.

ЖОЛДАУҒА-ҚОЛДАУ

ЕЛІМІЗ ҮШІН МАҢЫЗЫ ЗОР

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев бүгін жыл сайынғы Қазақстан Халқына жолдауын жариялады. Мемлекет басшысының биылғы Жолдауы елдің алдағы әлеуметтік-экономикалық дамуына бағытталды.

Президент: «2020 жылдан бастап 600 мыңнан астам педагог пен дәрігердің әлеуметтік сала қызметкерінің жалақысы өсті. Бірақ бюджеттен қаржыландырылатын өзге сала азаматтары бұдан тыс қалды. Бұлар – мәдениет қызметкерлері, мұрағатшылар, кітапханашылар, техникалық қызметкерлер, қорықшылар, көлік жүргізушілері және басқалар. Сондықтан 2022 жылдан 2025 жылға дейін мемлекет осы санаттағы қызметкерлер жалақысын жыл сайын орта есеппен 20% өсіретін болады», – деді

Осы орайда, Қазақстан Республикасы Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың мәдениет күретамыры, түп қазығы – кітапхана саласына деген қамқорлығы мен ықыласы көңілімізге – медеу, жанымызға жалау болды. Кітапхана мамандарының жалақысын 2025 жылға дейін жыл сайын көтеріліп тұруына баса назар аударып, тапсырма беруі – елімізде ешбір маманның еңбегінің ескерусіз қалмайтындығының тағы бір дәлелі.

Бүгінгі күні кітапхана маманы тек қана оқырман сұранысын қанағаттандырумен ғана шектелмейді. Саналы ұрпақ тәрбиелеп, әрбір оқырманның бойына ізгілік, мейірім шуағын төгетін шырақшы. Оқырманның білім жолына жарығын тарататын, бағыт-бағдар беріп, жол көрсететін білім мен парасаттың Темірқазығы, заманауи технологияларды меңгеріп, инновациялық жобаларды іске асыратын, еліміздің рухани қазынасын сақтап, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп отырған алтын көпір.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлының кітапханашылардың тынымсыз еңбегін, сауатты мемлекет қалыптастыру жолындағы жанкештілігін түсініп, лайықты баға беруі – кітапхана саласы мамандары үшін үлкен қолдау! Біз өз кезегімізде Президентімізбен бірге сауатты, саламатты Қазақстанды қалыптастыруда аянбай еңбек ететін боламыз!

М. ҚУАНДЫҚ,
С.Сейфуллин атындағы Алматы облыстық әмбебап кітапханасының баспасөз хатшысы.

Дүйсенбі - Понедельник, 6 қыркүйек

ҚАЗАҚСТАН

06.00 03.45 Әнұран
06.05 Д/ф « Қазақ даласының құпиялары»
06.20 «Күміс-көмей»
07.00 «ТАҢШОЛПАН»
10.00, 18.00 Т/х «Ғашықтық дерті»
12.00,17.15 «Qyzyk eken»
13.00, 17.00, 20.00, 01.35 Aqparat
13.10 «Айдаһарлар: Шалғайдағы шытырман»
14.00, 03.05 «Теледәрігер»
15.00 Apta
15.50 «Ер қанаты»
16.00, 21.30 «Замандастар»
20.35, 02.15 «Ашық алаң»
22.30 Т/х «Жат мекен»
23.30 «Жарқын жүздесу»
00.30 «Сана»
03.55 «Жер төресі»

ХАБАР

06.00,02.00 ҚР Әнұран
06.00 «Хабарлайын»
07.00 «Таңғы хабар»
10.00 «Мерейлі отбасы»
10.30 «Бір туынды тарихы»
11.30 «Зәуре»
14.15 «Сүрбойдақ»
15.00 «Бүгін»
16.00, 00.45 «Черный пес»
18.00 «Девять ярдов»
20.00 Қорытынды жаңалықтар
20.30 «Бизнеске бағыт»
21.00 Итоги
21.30 «Келінжан-3»
23.30 «Национальный интерес»

АСТАНА

06.00 «Ән мен әзіл»
06.30«Қара ой»
07.00 «Ұрланған тағдыр»
08.00 М/ф «Маша и медведь»
09.50, 22.00 Т/х «Үзілген моншақ»
11.20, 21.00 Т/с «Қара ниет-2»
12.20,23.25 Т/х «КЭ БЭК»
14.00 «Айтарым бар»
15.00 «Сүлеймен Сұлтан»
16.20 «Аладдин»
17.30 «Тағдырым жазылған күн»
20.00, 01.55 «Астана Таймс»
00.50 «Қош келдіңіз!»
02.10 «Біреудің есебінен»
03.10 «KazNet»
03.50 «Интерны»
04.35 «Біздің ауыл»
05.05 «Отбасы»
05.30 «БІРЕГЕЙ»

ЕВРАЗИЯ

06.00,03.40 «Әйел сыры»
06.40,03.35 «Той заказ»
07.15, 01.45 «П@утина»
09.00 Доброе утро
10.00 «Жить здорово»
12.00 «На самом деле»
13.00 «Пусть говорят»
14.15,01.45 «112»
14.30 «QOSLIKE»
18.30,03.00 «Басты жаңалықтар»
19.00 «Гадалка -2»
20.00 «Канцелярская крыса»
00.40 «Лучшие враги»

КТК

07.00 Әнұран
07.05 Т/х «Ясминнің тағдыры»
08.50 «Өмір сабағы»
09.20 «Похищенный»
11.30 «Ф.И.Л.И.Н»
16.00,01.30 «Отречение»
18.00 «Махаббат ойындары»
19.30 Кешкі жаңалықтар
20.00, 02.15 АСТАРЛЫ АҚИҚАТ
21.00 Вечерние новости
21.35 «На твоей стороне»
23.40 «Проспект обороны»
03.00 «Әйел қырық шырақты»
03.35-04.00 Кешкі жаңалықтар

ЖЕТІСУ

07.00 Әнұран
07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
09.00 Апта (қаз)
10.00 Апта (рус)
11.00 «Жүрек сөзі»
11.45 «Спорт» (әдіс)
12.00 «Қазақ үні»
12.35 «Полицейская служба»
13.00 «Олжа»
13.30 «Әсем әуен»
14.00 К/ф «Адал дос»
16.15 «Әсем әуен»
16.30 Д/ф «Кең ауқымда»
17.00 «Шашу» /тікелей эфир/
17.45 «Ковид-шолу»/Ковид-обзор
17.52 «Тәуелсіздік жылнамасы»
18.00 Жаңалық
18.15 Новости
18.24 Ауа райы
18.25 «Ковид-шолу»/Ковид-обзор
18.35 «Жанашыр» /тікелей эфир/
19.20 «Тәуелсіздік жылнамасы»
19.30 «Қазақ тілі»
20.00 Д/ф «Мәдени қазыналар»
20.15 «Ковид-шолу»/Ковид-обзор
20.30 Қорытынды жаңалықтар
21.00 Д/ф «Кең ауқымда»
21.30 Итоговые новости
22.00 «Сағындырған әндер-ай» концерті
23.10 Новости
23.35 Жаңалықтар
00.00 Әнұран

31 КАНАЛ

05.58 Әнұран
06.00 Әзіл студио
07.00 Әзілдер күнделігі
08.10 «Жүрек жыры»
09.20 «Иффет»
10.40 «Жанкешті ханымдар»
13.00 «Құзғын»
14.00 «Аладдин»
14.30 «Лило и Стич»
15.00 «Полное погружение»
17.00 «Суд идет»
18.00 «Сердце дракона»
20.00 Информбюро
21.00 «Ворон»
21.50 «Обитель зла-2»
02.00 Кел, татуласайық!
03.30 1001 анекдот
05.00 Әзіл студио

7 КАНАЛ

06.00,05.00 «Қуырдақ»
07.00 «Оян, QAZAQSTAN»
10.00 «Орел и решка»
11.00 «Механик»
13.00 Жайдарман
14.30, 02.40 «Q-елі»
16.10 «Там, куда падают звезды»
17.30 «ГРАНД»
18.00 «Сучайный кадр»»
19.00 «Студия 7»
19.30 «Скорая помощь»
21.30,05.00 «Япырай»
22.00, 03.00 «Арам ақша. Адал махаббат »
00.00 «Терминатор-2: Судный день»

Сейсенбі - Вторник, 7 қыркүйек

ҚАЗАҚСТАН

06.00 03.45 Әнұран
06.05 Д/ф « Қазақ даласының құпиялары»
06.20 13.00, 17.00, 20.00, 01.35 Aqparat
07.00 «ТАҢШОЛПАН»
10.00, 18.00 Т/х «Ғашықтық дерті»
12.00,17.15 «Qyzyk eken»
13.10 «Айдаһарлар: Шалғайдағы шытырман»
14.00, 03.05 «Теледәрігер»
15.00 Мәселе
15.35,03.55 Тәуелсіздік тарландары
16.00, 21.30 «Замандастар»
20.35, 02.15 «Ашық алаң»
22.30 Т/х «Жат мекен»
23.30 «Жарқын жүздесу»
00.30 «Сана»
03.55 «Жер төресі»

ХАБАР

06.00,02.00 ҚР Әнұран
06.00 «Хабарлайын»
07.00 «Таңғы хабар»
10.00 ,22.45«Мерейлі отбасы»
10.30 «Бір туынды тарихы»
11.00 «Сырлы қала»
13.00, 21.30 «Келінжан-3»
14.15 «Сүрбойдақ»
15.00 «Бүгін»
16.00, 00.45 «Черный пес»
18.00 «Девять ярдов»
20.00 Қорытынды жаңалықтар
20.30 «Хронограф 2021»
21.00 Итоги
23.30 «Семейные обстоятельства»

АСТАНА

06.00 «Ән мен әзіл»
06.30«Қара ой»
07.00 «Ұрланған тағдыр»
08.00 М/ф «Маша и медведь»
09.50, 22.00 Т/х «Үзілген моншақ»
11.20, 21.00 Т/с «Қара ниет-2»
12.20,23.25 Т/х «КЭ БЭК»
14.00 «Айтарым бар»
15.00 «Сүлеймен Сұлтан»
16.20 «Аладдин»
17.30 «Тағдырым жазылған күн»
20.00, 01.55 «Астана Таймс»
00.50 «Қош келдіңіз!»
02.10 «Біреудің есебінен»
03.10 «KazNet»
03.50 «Интерны»
04.35 «Біздің ауыл»
05.05 «Отбасы»
05.30 «БІРЕГЕЙ»

ЕВРАЗИЯ

06.00,03.40 «Әйел сыры»
06.40,03.35 «Той заказ»
07.15, 01.45 «П@утина»
09.00 Доброе утро
10.00 «Жить здорово»
12.00 «На самом деле»
13.00 «Пусть говорят»
14.15,01.45 «112»
14.30 «QOSLIKE»
18.30,03.00 «Басты жаңалықтар»
19.00 «Гадалка -2»
20.00 «Канцелярская крыса»
00.40 «Лучшие враги»

КТК

07.00 Әнұран
07.05 Т/х «Ясминнің тағдыры»
08.50 «Өмір сабағы»
09.50 Новаости
10.30 «БЕЗ ФИЛЬТРОВ»
11.30 «На твоей стороне»
13.40 «Проспект обороны»
16.00,01.30 «Отречение»
18.00 «Махаббат ойындары»
19.30 Кешкі жаңалықтар
20.00, 02.15 АСТАРЛЫ АҚИҚАТ
21.00 Вечерние новости
21.35 «На твоей стороне»
23.40 «Проспект обороны»
03.00 «Әйел қырық шырақты»
03.35-04.00 Кешкі жаңалықтар

ЖЕТІСУ

07.00 Әнұран
07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
09.00 Жаңалықтар
09.30 Новости
10.00 М/ф «Тобот»
10.30 «Қазақ тілі»
11.00 «Жанашыр»
11.45 «Спорт» (әдіс)
12.00 «Шашу»
13.00«Сағындырған әндер-ай»
14.00 К/ф «Басбұзар»
16.20 «Әсем әуен»
16.30 Д/ф «Кең ауқымда»
17.00 «Шашу» /тікелей эфир/
17.45 «Ковид-шолу»/Ковид-обзор
17.52 «Тәуелсіздік жылнамасы»
18.00 Жаңалық
18.15 Новости
18.25 «Ковид-шолу»/Ковид-обзор
18.35 «Дәрігер кеңесі» / тікелей эфир/
19.20 «Тәуелсіздік жылнамасы»
19.30 «Сегодня» /прямой эфир/
20.00 «Тәуелсіздік тұлғалары»
20.30 Қорытынды жаңалықтар
21.00 «Арнайы репортаж»
21.30 Итоговые новости
22.00 «Сағындырған әндер-ай» концерті
23.10 Новости
23.35 Жаңалықтар
00.00 Әнұран

31 КАНАЛ

05.58 Әнұран
06.00 Әзіл студио
07.00 Информбюро
08.10 «Суд идет»
09.20 «Иффет»
10.40 «Жанкешті ханымдар»
13.00 «Құзғын»
14.30 «Консультант»
17.00 «Суд идет»
18.00 «АВАНГАРД: АРКТИЧЕСКИЕ ВОЛКИ»
20.00 Информбюро
21.00 «Ворон»
21.50 «Обитель зла-2»
02.00 Кел, татуласайық!
03.30 1001 анекдот
05.00 Әзіл студио

7 КАНАЛ

06.00,05.00 «Қуырдақ»
07.00 «Оян, QAZAQSTAN»
09.00, 15.00 Мезгілсіз сезім»
10.00 «Случайный кадр»
11.00 «Скорая помощь»
13.00 «Өсекшілер»
14.30, 02.40 «Q-елі»
16.10 «Там, куда падают звезды»
17.30 «ГРАНД»
19.00 «Студия 7»
21.30,05.00 «Япырай»
22.00, 03.00 «Арам ақша. Адал махаббат »
00.00 «Анна-детектив»

Сәрсенбі - Среда, 8 қыркүйек

ҚАЗАҚСТАН

06.00,04.20 Әнұран
06.05 Д/ф «Қазақ даласының құпиялары».
06.20, 13.00, 17.00, 20.00, 01.35 AQPARAT
07.00 Т/э «TANSHOLPAN».
10.00, 18.00 Т/х «Ғашықтық дерті»
12.00 «Қызық екен..»
13.15 «АЙДАҺАРЛАР: БЕРК САҚШЫСЫ».
14.00 «Теледәрігер»
15.00 «КЕЛБЕТ»
15.30 «ҒАЖАЙЫП ӨЛКЕ»
16.00,21.30 «ЗАМАНДАСТАР»
17.15 «Қызық екен..»
20.35 «Ашық алаң»
22.30 Т/х «Жат мекен»
23.30 «ЖАРҚЫН ЖҮЗДЕСУ»
00.30 «Сана»
02.10 «Ашық алаң»
03.00 «Теледәрігер»
03.55« КЕЛБЕТ»

ХАБАР

06.00,02.00 ҚР Әнұран
06.00 Хабарлайын
07.00 «Таңғы хабар»
10.00,22.45 «Мерейлі отбасы»
10.30 «Бір туынды тарихы»
11.00 «Сырлы қала»
13.00,21.30 «Келінжан-3»
14.15 «Сүрбойдақ»
15.00 «Бүгін»
16.00,23.15 Российский телесериал
18.00 Мегахит«Гнев»
20.00 Қорытынды жаңалықтар
20.30 «Отдел журналистких расследований»
21.00 Итоги дня
01.15 «Семейные обстоятельства»

АСТАНА

06.00 «Ән мен әзіл»
06.30 «Қара ой»
07.00 «Ұрланған тағдыр»
08.00 М/ф «Маша и медведь»
09.50, 22.00 Т/х «Үзілген моншақ»
11.20, 21.00 Т/х «Қара ниет-2»
12.20,23.20 «КЭ БЭК»
14.00 «Айтарым бар»
15.00 «Сүлеймен Сұлтан»
16.20 «Аладдин»
17.30 «Тағдырым жазылған күн»
18.30 «АНА»
20.00,01,40 Astana times
20.55 Loto 6/49. Прямой эфир
00.55 «Қош келдіңіз»
02.10 «Біреудің есебінен» деректі драма
02.55 «KazNet»
03.15 «Үздік әзілдер»
03.50 «Интерны»
04.35 «Біздің ауыл»
05.05 «Сырты бүтін»
05.30 «БІРЕГЕЙ»

ЕВРАЗИЯ

06.00 «Әйел сыры»
06.55 ТОЙ БАЗАР
07.55, 02.05 «П@утина»
09.00 «Доброу утро»
11.00 «Жить здорово»
12.00 «На самом деле»
13.00 «ПУСТЬ ГОВОРЯТ»
14.15 Т/э «112»
14.30 «QOSLIKE»
18.30,03.10 «Басты жаңалықтар»
19.00 «Гадалка-2»
20.00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20.40 «Канцелярская крыса»
00.40 «Лучшие враги»
01.45 «112»
03.40 «Әйел сыры»

КТК

07.00 ҚР Әнұраны
07.05,03.40-04.10 «Кешкі жаңалықтар»
07.30 Т/х «Ясминнің тағдыры»
08.50 «Өмір сабағы»
09.50 «НОВОСТИ»
10.30 «БЕЗ ФИЛЬТРОВ»
11.30 «На твоей стороне»
13.40 «Проспект обороны»
16.00 «Отречение»
18.00 «Махаббат ойындары»
19.30 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР
20.00 АСТАРЛЫ АҚИҚАТ
21.40 «На твоей стороне»
23.40 «Проспект обороны»
01.30 «Отречение»
02.15 АСТАРЛЫ АҚИҚАТ
03.00 «Әйел қырық шырақты»

ЖЕТІСУ

07.00 Әнұран
07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
09.00 Жаңалықтар
09.30 Новости
10.00 М/ф «Тобот»
10.30 «Сегодня»
11.00 «Дәрігер кеңесі»
11.45 «Спорт» (әдіс)
12.00 «Шашу»
13.00 «Сағындырған әндер-ай» 2-бөлім
14.00 К/ф «Сезім сергелдеңі»
16.30 Д/ф «Кең ауқымда»
17.00 «Шашу» /тікелей эфир/
17.45 «Ковид-шолу»/Ковид-обзор
17.52 «Тәуелсіздік жылнамасы»
18.00 Жаңалық
18.15 Новости
18.25 «Ковид-шолу»/Ковид-обзор
18.35 «Сыралғы» /тікелей эфир/
19.20 «Тәуелсіздік жылнамасы»
19.30 «Бүгін» /тікелей эфир/
20.00 «Алматы облысы - 20 жыл (20 тұлға)
20.10 «Тұғырдағы тұлға»
20.15 «Ковид-шолу»/Ковид-обзор
20.30 Қорытынды жаңалықтар
21.00 Д/ф «Кең ауқымда»
21.30 Итоговые новости
22.00 «Ақ тілек» концерті
23.10 Новости
23.35 Жаңалықтар
00.00 Әнұран

31 КАНАЛ

05.58 ҚР Әнұраны
06.00 Әзіл студио
07.00 Информбюро(повтор)
08.10 «Суд идет»
09.20 «Иффет»
10.40 «Жанкешті ханымдар»
13.00 «Құзғын»
14.00 What's up?
14.30 «Идеальный враг»
17.00 «Консультант»
18.10 «МЕЖДУ МИРАМИ»
20.00 ИНФОРМБЮРО
21.00 «ВОРОН»
21.50 «Патруль времени»
00.00 Д/ф «В мире чудес»
01.00 Кел, татуласайық!
03.00 Алдараспан, Нысана, Шаншар әзілдері
05.00 Ризамын

7 КАНАЛ

06.00,05.30 «Қуырдақ»
07.00 «Оян, QAZAQSTAN»
09.00, 15.00 «Мезгілсіз сезім»
10.00,18.00 «Случайный кадр»
11.00, 19.30 «Скорая помощь»
13.00 «Өсекшілер»
14. 00, 01.30 «Q-елі»
16.10 «Там, куда падают звезды»
17.30,00.00 Сериал «Гранд»
19.00 «Студия 7»
21.30,05.00 «Япырай»
22.00, 03.00 «Арам ақша. Адал махаббат »
00.30 « Анна –детектив»

Алатау
Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ЖАМБЫЛ ЖАБАЕВ – 175

АҚЫН ЖЫРЛАРЫ

ҚЫРҒЫЗ ТІЛІНЕ АУДАРЫЛЫП, АЙТЫС ӨТТІ

АЛАТАУДЫҢ АРҒЫ-БЕРГІ БЕТІН ЕН ЖАЙЛАҒАН, ТӨСКЕЙДЕ МАЛЫ, ТӨСЕКТЕ БАСЫ БІР ҚОСЫЛҒАН, АЙЫР ҚАЛПАҚТЫ ҚЫРҒЫЗ ЕЛІНДЕ ҰЛАН АСЫР ТОЙ БОЛДЫ. ҚЫРҒЫЗ МЕМЛЕКЕТТІҢ «ЕГЕМЕНДІ ЕЛ БОЛҒАНЫНА 30 ЖЫЛ ЖӘНЕ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТҮРКІ АКАДЕМИЯСЫНЫҢ ҰЙЫМДАСТЫРУЫМЕН ЖЫР АЛЫБЫ ЖАМБЫЛ ЖАБАЕВТЫҢ 175 ЖЫЛДЫҒЫНА» АРНАЛҒАН ҒЫЛЫМИ КОНФЕРЕНЦИЯ ӨТТІ.

Қазақстаннан, Алматы мен Жамбыл облысынан барған арнайы делегация өкілдерімен Манас және Ш. Айтматов атындағы ұлттық академияда өткен басқосуда Манас және Шыңғыс Айтматов ұлттық академиясының президенті Топчубек Тургуналиев, Қырғыз Республикасының Президентінің кеңесшісі Арслан Койчиев, Легендарлуу парламетінің төрағасы, мемлекеттің жаңа коомдук ишмер Медеткан Шеримкулов, Қазақстан Республикасының Мәдениет комитетінің төрағасы Ақан Абдуалиев, Қырғыз Республикасының ұлттық Жазушылар одағының төрағасы Нураланбек Калыбаев, Қазақстан Жазушылар одағының төрағасы Ұлықбек Есдаулет, Мұхтар Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтының директоры Кенжехан Мамытжанов, Қырғыз Республикасының ел ақыны Акбар Рыскулов, Жамбыл облысының мәслихат хатшысы Махаетқали Сарыбеков, Алматы облысының әкімінің орынбасары Арслан Дандыбаев, Қырғыз Республикасының ел әртісі Түгелбай Қазаков, Жамбыл Жабаевтың немересі, Жамбыл атындағы әдеби-мемориалдық мұражайының директоры Салтанат Жамбылова, Шабдан батырдың шөбересі Жайнагүл Тайгүрөңова, Манас және Шыңғыс Айтматов ұлттық академиясының бөлім басшысы Алымбаев Абдрахман, Халықаралық Түркі академиясының президенті Дархан Қыдырәлі қатысты.

Алғыс сөзді Манас және Шыңғыс Айтматов ұлттық академиясының президенті Топчубек Турганалиев алып, қазақ пен қырғыздың туыстығы, достығы жайлы кеңінен толғай келіп, бұған дейін Абай Құнанбаевтың шығармалары қырғыз тілінде аударылса, енді Жамбыл Жабаевтың жырлары аударылғанын бұдан бөлек екі ел арасындағы рухани шығармашылық жылдан-жылға артып келе жатқанын айтып, Жамбыл мен Тоқтағұлдың достығына кеңінен тоқталды. Жүрегі мен жыры бір, бауырлас елдің бүгінде қырғыз ақындарының жырларын қазақтар, қазақ ақындарының шығармаларын қырғыз тіліне аударылып жатқаны кеңінен әңгіме болды. Бұл байланыстардың ұйытқы болуына Қазақстаннан Халықаралық Түркі академиясының президенті Дархан Қыдырәлі үстіміздегі жылдың қаңтар айында жоспарланған бұл шара, қырғыз елінің Егемендігінің 30-жылдығына тұспа-тұс келгенін айтып, бұл үрдістің арты халықаралық ақындар айтысына ұласатынын тілге тиек етті. Қазақ пен қырғызға ортақ тұлға Жамбылдың. «Сүйегім-қазақ, етім-қырғыз» деп айтқаны тегіннен-тегін болмапты. Мәселен. Қырғыздың төкпе ақыны Тоқтағұл, итжекенге айдалып, сібірдегі түрмеден қашқанда, Қазақстанның арқа төсіне жасырынып, әлжиған соң «мені Жамбылға жеткізуге жәрдем етсеңдер» деген бұйымтайын айтыпты. Астына ат беріп, Ұзынағаштағы Жамбылға жеткен Тоқтағұл Жамбылмен қауышып, сырлас-мұңдас екі ақын шерлерін тарқатқан. Тоқтағұлды Қырғызға жеткізген Жамбылдың достыққа деген сеніміне селкеу түсірмеген Тоқтағұл, ел басына нәубетті жылдар келіп ашаршылық жайлағанда, Түймен келіп Жамбылдың отбасын қырғызға көшіп әкеткенін айтқан қазақ елі айтыс саңлақтарының шығармаларына ғылыми талдау жасады. XX ғасырдың Гомері атанған жырау жайлы Конференция барысында академия басшысы Топчубек Турганалиев, Жамбылдың қырғыз тіліне аударылған таңдамалы шығармаларын көпшілік назарына ұсынды. Құнды еңбекті қырғыз тіліне аударған әдебиетшілер Керимбек Кадыракунов пен Түгөлбай Казаков Жамбыл жырларындағы елдік пен батырлық жайлы ойларымен бөлісті. Конференцияда бұдан бөлек, қырғыздың көрнекті мелекет қайраткері Канıбек Иманалиевтің «Тагай бий (Мухаммед Кыргыз)» атты тарихи повесінің тұсаукесері өтті. XVI ғасырда жасап, қырғыз елінің басын біріктіріп, ел болуға негізін қалаған Тағай бидің өміріне арналған кітап пен Жамбылдың қырғыз тіліне аударылған кітаптарының тұсау кесер рәсімі өтті. Өлмес өнеге, өшпес мұра қалдырған жыр алыбы жайлы конференцияда Сүйінбай мен Қатағанының Тоқтағұл мен Жамбылдың есімдері қатар аталды.

Топчубек Тургуналиев: Қазақты дүние жүзіне танытқан Жамбыл атамыздың қырғызды, қазақты тең жырлаған шайырлығына тамсанам. Дүние жүзіне үш ақын болса, соның бірі Жамбыл атамыз деп білемін.

Дархан ҚЫДЫРӘЛІ, **Халықаралық Түркі академиясының президенті:** «*Құрметті туғандар, бірінші Қырғыз елінің егемендігіне 30 жыл. Осы бір қасиетті де, қастерлі төл мерекемен ағайындарды құттықтаймын. Осында егемендікті жариялаған, егемендік декларациясына қол қойған, атақты парламенттік скипері қазақ пен қырғызға ортақ тұлға, Шеримкулов Медеткан ағамыз арнайы келіп отыр екен. Аға біріншіден сізді құттықтағым келеді. Егемендіктеріңіз мәңгілік болсын! Осы игіліктің бәрі егемендік арқылы келіп отыр. Жамбыл жылын екінші рет ұйымдастыруға ұйытқы болып отырған Манас және Шығыс Айтматов академиясының басшысы Топчубек Тургуналиевке алғысмызды айтамыз. Өйткені, бұл әңгіме, қаңтар айының басында, Жамбыл жылының ашылуы осы залда басталған болатын. Сонда қазақ пен қырғыздың айтыс ақындарын жинап үлкен аламан айтыс өткізейік. Жамбыл бабамыздың мерейін жоғары деңгейде ұйымдастырайық, шығармаларын аударайық деп келісімге келгенбіз. Сол кезде Медетхан ағамыз бастаған топты өзгелер қоштаған. Арада өткен сегіз айда Жамбылдың шығармалары қырғыз тіліне аударылып, берген уәделері орындалып, бабамыздың 175 жылдығы мен қырғыз елінің егемендігіне 30 жылдығына арналған салтанатты шара басталады. Осы кітаптың тұсау кесерінен кейін біз қазақ, қырғыз айтыскерлерінің қатысуымен аламан айтысты көретін боламыз. Бұл айтыста қырғыз елінің айтыс қоғамының құрылғанына жиырма жыл, егемендігіне 30 жыл және қырғыз елінің нар тұлғасы Жеңіжоқ ақынның 160 жылдығымен Жамбылдың 175 жылдығы айтыскерлер жырлайды. Кешегі Сүйінбай мен Қатаған айтысындай екі ел ақындары елдің бірлігін, ынтымағын жырлап, сөз жарыстырады. Бұл айтыстың басты тақырыбы «Жамбыл болсын» деп ұйымдастырушылар ұран тастаған болатын*».

Медетхан Шерикулов-легендарлуу парламенттің төрағасы: «*Құрметті, Дархан мырза осымен екінші рет бас қосып отырмыз. Кеше Таласта «Мекенім Манас» атты тақырыпта салтанатты шара өтті. Бұл да қырғыз мемлекетінің 30-жылдығына байланысты шара. Айтыс мәселесі, қырғызбенен қазақты жақындатып, біріктіріп, әдебиет пен мәдениет бойынша бізді біріктіреді. Себебі, мұның басында Жамбыл Жабаев тұр. Қазақ туғандар, қазақ пен қырғыз бір туған дейміз. Кейінгі уақытта қарым-қатынасымызда, бір солғындық бар. Мүмкін оның себебі пандемия шығар. Екі елдің ортасындағы алтын көпірді, бірінші экономикалық, саяси, мәдениет жақтары баяулады. Мұны мұнда қазақ мәдениетінің қаймақтары отырғанда айтпасақ қайда айтамыз. Қырғызда өтіп жатқан Жамбыл тойы, ұзағынан болсын!*»

Мұнан кейін қазақ-қырғыз ғалымдары Жамбыл шығармашылығындағы зерттеу жұмыстарына тоқталып, айтулы кітаптың тұсау кесу рәсімін жасады. Кешкі сағ 16.00-де Тоқтағұл атындағы филармонияда Аламан айтыс додасы жалғасын тапты. Оған 16 ақын қатысты. Қазақстаннан Мұқтар Ниязов, Айбек Қалиев, Нұрмат Мансұров, Ержеңіс Әбдиев, Алтынбек Ибрагимов, Нұрлан Есенқұлов, Бөрібай Оразымбет, Аспанбек Шұғатаев қырғыз елінен Асылбек Маратов, Кубат Тукешов, Жылдызбек Төрөканов, Мундузбек Боранчуеев, Баян Акматов, Турат Жумаев арасындағы айтысты бірінші айналымда қырғыз ақындары қазақтардан басым түсті. Қазақстаннан барған Бөрібай Оразымбет, Ержеңіс Әбдиев, Нұрмат Мансуровтар айшықты айтыс көрсете алмады. Тек Аспанбек Шұғатев пен Мунузбек Борончуев арасындағы жекпе-жекте екі ақын да жан беріп, жан алысты. Екінші күнгі айналымға төрт ақын финалға өтті. Үш айналымдық айтыс та қос бәйге тігіліп бас бәйгені Айбек Қалиев, қырғыздық Асылбек Маратов, бірінші бәйгені Аспанбек Шұғатаев пен Ақмат Султануулу, екінші орынды Нурмат Мансуов пен Турат Жумаев, үшінші орынды Бөрібай Оразымбетов пен Кубат Тукешов өзара бөлісті. Сонымен екі күнге созылған қырғыз ағайындардың мерейлі мерекесі мен Жамбыл Жабаевтың 175 жылдығына арналған шара өз мәресіне жетті. Енді қазан айында Жамбыл Жабаевтың 175 жылдық мерекесіне орай Алматы облысына қазақ, қырғыз ақындарының айтысы өтетін болады.

Айтақын МҰХАМАДИ

Алатау
Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ӘҢГІМЕ

БҰРАЛҚЫ ИТ

Варамин алаңында қарын тойдыру мен өмір сүруге қажет нан, ет, дәрі-дәрмек сататын бірнеше кішігірім дүкен мен екі кофехана және бір шаштараз орналасқан. Алаңдағы адамдар аптап ыстық астында жартылай күйіп, жартылай қақталып, кештің алғашқы самал желі мен саясын армандауда.

Жанды-жансыз қимыл-қозғалыстан қалған. Ыстық күн бәрінің еңсесін түсіріп, көгілдір аспанның жүзін шаң-тозаң көлегейлеп, оған жеңіл көліктердің дамылсыз қозғалысы қосылып, ауа қарақошқыл түске енген. Алаңның бір шетінде ортасы шіріп кеткен кәрі шынар ағашы бар-ды. Сол ағаш тырмысып, өзінің қисық, қыңыр бұталарын шамасы жеткенше алысқа жайған екен. Шаң басқан жапырақтарының саясына үлкен әрі кең сәкі орнатылған. Сол жерде екі бала әндетіп, сүтке піскен күріш ботқасы мен асқабақ пістесін сататын. Лай аралас су кофехананың жанындағы арықпен әрең дегенде сүйретіліп ағып жатыр. Назар аудартатын жалғыз ғимарат – жарықшақтанып тұрған цилиндр тәріздес пішінінің жартысы мен сүйір ұшы көрініп тұратын әйгілі Варамин мұнарасы. Оның жарылып кеткен кірпіштерінің арасына ұя салған торғайлар да аптап ыстықтан жым-жырт күйге еніп, мүлгуде. Осынау тыныштықты ауық-ауық естілген иттің аянышты үні тілгілейтін. Бұл ауызы сұр, құдды балшықта жүгіріп, сонан соң оған көк шөптің нілі сіңгендей, аяқтарында қара теңбілдері бар шотландық төбет еді. Салпаң құлақты, ұлпадай құйрығы бар иттің жүні кірлеп-ақ кеткен екен. Адамдікіндей ақылды екі көзі сабалақ жүнінің арасынан жылтырап көрінеді. Оның көзінің түбінен адам баласына тән бір рух қылаң бергендей болды. Көп сырдың ұшығын аңғартатын, бірақ оны түсіну қиын, түпсіз бір нәрсе көздерінде толқынданды. Ол не жарық емес, не реңк емес, әйтеуір бір адам сенгісіз, жаралы еліктің жанарынан көрінетін мұң ба екен?... Адам баласы мен оның көзінің арасында ғана ұқсастық болған жоқ, сонымен қатар бір деңгейлестік те бар еді. Мұң-налаға, сағынышқа толы қоңыр көзді тек иесінен адасқан иттің ғана жүзінен байқауға болар еді. Әйтсе де қапалы, жалынышқа толы көзін ешкім көрмейтін де, түсінбейтін де сияқты. Нан сататын дүкеннің қызметшісі ұрып жіберетін. Қасапхананың сатушысы тас лақтыратын. Жеңіл көліктің түбін саялап жата тұрайын десе, жүргізушінің табанына шеге қаққан ауыр етігінің тепкісіне ұшырайтын. Осындай аяусыздықтан кейін күріш ботқасын сататын бала оны азаптап, қинаудан ерекше ләззатқа бататын. Әрбір ауыр азаппен қатар бүйіріне тас тиетін. Иттің қыңсылауымен бірге баланың «харам неме...» деп мазақтап күлген даусы естілетін... Жұрттың бәрі баланың жақтастары сыңайлы. Оны жасырын қолпаштап, қосыла күлкіге көмілетін. Барлығы Алланың ризашылығы үшін дегенді желеу етіп, оны ұрып қалуға тырысатын. Олар үшін дін лағынет еткен, жеті жаны бар, нәжіс хайуанды ұру қалыпты жағдай, сауабы бар іс секілді еді. Ақыр-соңы күріш ботқасын сататын баланың иттің соңына түсіп алғаны соншама, хайуан амалсыз мұнара жақтағы көшеге қашып кетті. Аш болғанына қарамастан, қиналып, су жолында бас сауғалады. Басын алдыңғы екі аяғының үстіне қойып, тілін салақтатып, ұйқылы-ояу күйде алдынан мұнартып көрініп тұрған жасыл алқапты тамашалап жатты. Денесі ауырсынып, екі шекесі солқылдап әкетіп барады. Біраздан соң су жолындағы дымқыл ауаның әсерінен бүкіл денесі ерекше бір рахат күйге енсін. Әртүрлі шөптердің, көгеріп кеткен сыңар аяққиімнің, жануарлардың өлекселері мен тірі хайуандардың иісі мұрнын тітіркендіріп, сонау бір алыс та алмағайып кезеңдердегі естеліктерді тірілтті. Жасыл алаңға қараған сайын бұла сезімі оянып, өткен күндері жадында қайтадан жаңғыра бастады. Бұл жолғы сезім қатты еді.

Құлағының түбіндегі дауыс оны алапат бір күйге бөледі. Ерекше сезімнің әсерінен оның көгалда шапқылап, асыр салғысы келді. Бұл тұқымқуалаушылық сезім оның шотландиялық арғы тегінен бері жалғасып келе жатқан еді. Денесінің ауырсынғаны соншама, сәл қимылдауға да шамасы келмеді. Денесін дерт меңдеп, ол әлсіздікпен араласып, делсал күйге енді. Бір кездегі ұмыт болған, жоғалып кеткен сезімдері қайта бас көтере бастапты. Бұл өмірде әртүрлі міндеттері мен жауапкершіліктері бар еді. Өзін иесінің дауысына дайын тұруға, бөтен адам, не бөтен итті иесінің үйінен қуып жіберуге, иесінің балаларымен ойнауға, танитын адамдармен, бөгде адамдармен өзін қалай ұстауға, уақытында тамақтануға, белгілі бір уақытта сыпайы еркелеуге міндеттімін деп есептеді. Қазір аталмыш міндеттердің бәрі мойнынан алынған еді. Барлық ісі тек қорқып, дірілдеп жүріп қоқыстан азық тауып қоректенумен, күні бойы таяқ жеумен шектелетін. Ұлу – оның қорғанатын жалғыз тәсілі болатын. Бұрын батыл, өжет, үсті-басы мұнтаздай таза, еркін әрі ерке еді. Қазір қорқақ бір міскінге айналған. Бір дыбыс естілсе, я болмаса қасында бірнәрсе қимылдаса, қарадай қалтырайтын күйге жеткен. Тіпті, өзінің даусынан да үрейленетін. Оның енді кір-қоқысқа да бойы үйреніп қалған болатын. Денесі қышыған кезде үстіндегі бүргелерді аулауға да, денесін тілімен жалап тазалауға да зауқы соқпайтын. Өзін қоқыстың бір бөлшегіне айналғандай сезінетін. Болмысында бір нәрсе өлгендей, өшкендей еді... Осы жаһаннамға түскелі екі қысты бастан өткерді. Қарыны тоя бір ас жемеді, бір рет те болса тыныш ұйықтамады, бойындағы шәһуат сезімі де өшкен сияқты. Басынан сипар бір жан табылсашы. Көзіне үңілген адам болды ма екен?... Бұл жердегі адамдар сырттай иесіне қанша ұқсағанымен иесінің сезімталдығы, мінез-құлқы мен іс-әрекеттерінің мыналардан жер мен көктей айырмашылығы бардай көрінеді. Бұрын араласқан адамдары оның жан-дүниесіне жақынырақ болатын, оған көбірек қамқорлық жасайтын. Мұрыны сезген иістердің ішінен ұл бала сататын күріш ботқасының иісі басын қатты айналдыратын. Енесінің сүтіне ұқсайтын бұл ақ қойыртпақ күшік кезін көз алдына елестететін. Кенет бір сәт есеңгірегендей болды. Күшік кезінде енесінің емшегінен сол жылы, дәмді сұйықтықты емгені есіне түсті.

Енесі жұмсақ әрі мықты тілімен оның денесін жалап, тазалайтын. Енесінің өткір иісі мен сүттің иісі мұрнын қытықтағандай болды. Сүтке тойған соң денесі балбырап, рахат сезімге бөленетін. Ыстық ағын тамыр-тамырын қуалаған кезде тоқмейілсіп, басын артқа кекжитіп, енесінің емшегінен ажырайтын. Бүкіл денесі маужыраған соң қатты ұйқысы келетін. Бұдан артық қандай бақыт болуы мүмкін еді?! Алдыңғы аяқтарымен анасының емшегін басқанда сүт ағатын. Ұялас бауырының мамық жүні, анасының үні – осылардың бәрі рахат пен мейірімге толы еді. Ағаш үйшігі мен жасыл бақта ұяласымен асыр салғаны есіне түсті. Оның салпаң құлақтарын тістелеп, екеуі жерде аунап-қунап, асыр салып жүгіретін. Кейін тағы бір серік тауып еді. Ол иесінің ұлы болатын. Бақтың түбінде соңынан қуалап жүгіретін, үретін, киімінен тартқылайтын. Сол баланы көбірек жақсы көретін. Өйткені, ол бұған ешқашан қол көтерген емес. Әсіресе иесінің еркелеткенін, қолынан жеген қантын ешқашан ұмытқан емес. Кейін енесі мен ұясын бір мезетте жоғалтып алды. Енді тек иесі, ұлы, әйелі мен кәрі қызметшісі ғана қалып еді. Олардың әрқайсысының иісін жақсы ажырататын. Аяқтарының дыбысын да алыстан танитын. Түскі ас, кешкі ас кездері дастарқан маңын айналшықтап, тамақтардың иісін алумен болатын. Кейде иесінің әйелі күйеуінің қарсылығына қарамастан алдына дәмді кесек тастайтын. Біраздан соң кәрі қызметші келіп, оны: «Пат, Пат...» деп шақырып, ағаш үйшігінің алдындағы арнайы итаяғына ас құятын. Паттың нәпсісінің қозуы бақытсыздыққа ұшырауының кесірі болды. Иесі Паттың сыртқа шығып, ұрғашы иттердің соңына ілесуіне жол бермейтін. Күздің бір күні иесі үйлеріне жиі келіп жүретін екі адаммен жеңіл көлікке отырып жатып, Патты шақырды. Пат оларды танитын. Иесі Патты көлікке мінгізіп, қасына отырғызды. Пат иесімен бірге мұндай көлікке талай рет мініп, сапарға шыққан болатын. Бірақ, сол күні ол ерекше бір сезімнің жетегінде еді. Бірнеше сағаттан соң дәл осы алаңға келіп түсті. Иесі жанындағы екі адаммен мұнараның жанындағы көшеден өтті. Кенет, ұрғашы иттің иісі, Пат іздеп жүрген тұқымдасының ерекше иісі оны ақыл-естен айырды. Жан-жақты иіскелеп, із кесті. Ақырында су жолындағы баққа енді. Күн батар шақта екі рет: «Пат!.. Пат!..» деп шақырған иесінің дауысын құлағы шалды. Расымен соның дауысы болды ма, жоқ, әлде құлағына әбден сіңісті болып кеткен дауысының жаңғырығы ма екен? Алайда иесінің дауысы оған қатты әсер етті. Өйткені, барлық міндеті мен жауапкершілігін есіне түсірді. Әйтсе де, бөтен бір алапат күш оны ұрғашы итпен бірге қалуға мәжбүр етті. Құлағы сыртқы дүниені естімейтіндей, саңырау болып қалғандай. Бойында дүлей бір сезім оянған еді. Ұрғашы иттің иісінің өткір әрі қатты болғаны соншалықты, оның басы айналды. Бүкіл тәні мен ақыл-есі еркіне бағынудан қалды. Ерік-жігерден айырылған күйге түсті. Көп ұзамай қолдарына таяқ, күрек ұстаған адамдар келіп, айғайлап, оны су жолынан қуып шықты. Басы айналып, шаршағанына қарамастан Пат өзін жеңіл, рахат сезінді. Өз-өзіне келген кезде иесін іздей бастады. Бірнеше тар көшеден оның әлсіз иісі сезілді. Барлық жерді адақтап шықты. Белгілі бір қашықтықта өзінен белгі қалдырды.

Ауылдың шетіндегі күл-қоқысқа дейін барып, қайтып келді. Пат иесінің алаңға қайтадан келгенін түсінді. Алайда оның әлсіз иісі басқа иістермен араласып, жоғалып кеткен екен. Шынымен иесінің оны тастап, кетіп қалғаны ма? Бойын мазасыздық пен қорқыныш сезімі жайлады. Пат қалайша иесіз, Құдайсыз өмір сүрмек? Пат үшін иесі Құдайдай еді. Сол сәтте иесінің іздеп келетініне сенімі мол болатын. Үрейі ұшып, бірнеше көше бойы жүгірумен болды. Онысы бос әурешілік екен. Ақырында шаршап-шалдығып, алаңға қайтып келді. Иесінен еш белгі болмады. Ауылды тағы бірнеше рет айналып шықты. Ақыры ұрғашы итті кездестірген су жолына барды. Бірақ, адамдар су жолына тас қалап үлгерген екен. Пат ырылдап, бақтың ішіне кірмек болып, аяқтарымен жерді тырмалай бастады. Онысынан да еш нәтиже шықпады. Тауы шағылған ол жантая кетіп еді, сол замат көзі ілініп кетті. Түн ортасында Пат өзінің аянышты дауысынан шошып оянды. Зәресі ұшып, атып тұрды. Бірнеше көшені айналып шықты, қабырғаларды иіскеледі, біраз уақыт сенделіп, қаңғырып, көшеде сергелдең күй кешті. Кенет өзінің қатты ашыққанын сезді. Алаңға қайтып келгенде мұрнына кештен қалған еттің, жаңа піскен нанның, айранның бір-бірімен араласып кеткен иісі келді. Сол сәтте өзін басқа біреудің меншігіне еніп кеткендей кінәлі сезінді. Бұдан былай иесіне ұқсайтын адамдардан нәпақа сұрауы тиіс екен. Егер оны қуып шығатын басқа бір қарсылас пайда болмаса, ақырындап, бұл жердің билігін қолға түсіру керек. Бәлкім, қолдарында тамақ бар адамдардың бірі оны қамқорлығына алар? Денесін қорқыныш пен діріл билеп, аяғын аңдап басып, енді ғана ашылған нан сататын дүкеннің маңына барды. Жаңа піскен нанның дәмді иісі мұрын жарады. Нанын қолтығына қысып алған біреу оны: «Кел... Кел!...» деп шақырды. Дауысы неткен бөтен еді! Ол Паттың алдына ыстық нан тастады. Пат біраз сезіктенсе де, нанды жеп, оған қарап құйрығын бұлғаңдатты. Әлгі адам нанды сәкінің үстіне қойды. Неге екенін қайдам, ол да жүрексініп барып, Паттың басынан сипады. Соңсоң екі қолымен мойнындағы қарғыбауын шешті. Сол кезде Пат қандай рахат сезімге бөленді десеңізші! Қарғыбаумен бірге оның мойнындағы барлық міндет, жауапкершіліктер мен жүктемелер бір демде алынып тасталғандай. Қайтадан құйрығын бұлғаңдатып, дүкен иесінің жанына жетіп баруы мұң екен, бүйіріне мықты тепкі тиді. Қыңсылап барып, әудем жерге жылыстады. Дүкен иесі арықтағы сумен дұрыстап қолын жуды. Пат дүкеннің маңдайшасында әлі ілулі тұрған өзінің қарғыбауын таныды. Пат сол күннен бастап адамдардың тепкісі мен бүйіріне тас лақтырып, таяқпен ұрғанынан басқа жақсылық көрмеді. Олардың бәрі мұның қас жауындай еді. Оны қинағаннан ләззат алатын. Пат басқа бір әлемге енгенін түсінді. Ол жерде өзін бөтен сезінді, ешкім мұның сезімі мен жан-дүниесін түсінбеді. Сөйтіп, алғашқы бірнеше күнді қиындықпен өткізді. Кейін бірте-бірте үйрене бастады. Көшенің бұрылысының оң жағынан қоқыс төгетін күлтөбе тауып алды. Қоқыстың арасынан сүйек, май, тері, балықтың басы және тағы басқа не екенін ажыратып болмайтын дәмді кесектер табылатын. Қалған уақытын қасапхана мен наубайхананың маңында өткізетін болды. Көзі қасапшының қолына қадалса, дәмді кесектің орнына таяқ жейтін. Осылайша Пат өзінің жаңа өміріне де мойынсұна бастаған еді. Өткен өмірінен тек түсініксіз иістер ғана есінде қалды. Қиналған кездері жоғалтып алған жұмағынан ғана аяушылық сезіп, жанына пана табатын. Көз алдында еріксіз сол кездегі оқиғалар елестейтін. Бәрінен бұрын Патты қинайтыны, оны еркелететін жанның жоқтығы еді. Ол балағат естіген, бірақ нәзік сезімі әлі сөне қоймаған жасқаншақ сәби сияқты еді. Әсіресе, жәбір мен жапаға толы жаңа өмірінде бәрінен бұрын біреудің еркелеткеніне зәру болды. Көздері біреу мені еркелетсе екен деп жәудіреп тұратын. Әлдекім мейірленіп, басынан сипаса жанын қиюға да әзір еді. Пат та өзінің махаббатын біреуге білдіргісі келетін, адалдығын дәлелдегісі келетін. Бірақ, ешкім де оның сезімін көрсетуіне мұқтаж емес сияқты. Ешкім оны қорғаштамайтын. Кімнің көзіне қараса да өшпенділіктен басқа ештеңе көре алмайтын. Адамдардың назарын аудармақ болған әрбір әрекеті олардың одан әрі ашу-ызасын тудыратын. Пат су жолында қалғып жатып, қыңсылап барып, оянып кетті. Қорқынышты түс көрген сияқты. Өзінің қатты ашыққанын сезді. Мұрнына кәуәптің иісі келді.

Аштық ішін тырмалай бастады. Ол енді өзінің әлсіздігі мен бақытсыздығын ұмытып, зорға дегенде орнынан тұрып, абайлап алаң жаққа жол тартты. Дәл сол кезде жеңіл көліктің дауысы естіліп, шаң-тозаңды аспанға көтеріп Варамин алаңына енді. Көліктен ер адам түсіп, Пат жаққа бет алды. Хайуанның басынан сипады. Бұл адам оның иесі емес еді. Пат иесінің иісін жақсы танитын. Бөтен адам қалайша оның басынан сипап тұр? Пат құйрығын бұлғаңдатқанымен адамға күмәндана қарады. Әлде алдап тұр ма екен? Бірақ енді оның мойнында қарғыбауы жоқ болатын. Әлгі адам қайтып келді де қайтадан басынан сипады. Пат соңынан ерді. Оның таңданысы ұлғая түсті. Өйткені ол Пат жақсы білетін бір бөлмеге енді. Ол жерден әртүрлі тамақтардың иісі шығып тұрды. Қабырға жанындағы орындыққа жайғасты. Ыстық нан, айран, жұмыртқа және басқа тағамдар әкелді. Әлгі адам нанды айранға шылап, иттің алдына тастады. Пат нанды алдымен қарбыта асап, кейін ақырынырақ жеуге көшті. Қоңыр көздері жалынышты түрде әлгі адамға алғыс айтқандай тесіле қадалған еді. Құйрығын бұлғаңдатты. Тоя тамақтанудың соңы бұл жолы таяқ жеумен аяқталған жоқ. Өңі ме, жоқ әлде түсі ме? Әлде жаңа қожайынның табылғаны ма? Аптап ыстыққа қарамастан, әлгі адам орнынан тұрды да мұнара жақтағы көшеге жол тартты. Сол жерде сәл аялдап, бұрылыстардан өтті. Пат ер адам ауылдан шыққанша соңынан еріп отырды. Бірнеше қабырғасы ғана қаңқиып тұрған қираған тамның жанына дейін барды. Иесі де сол жерге дейін барған болатын. Пат қабырға жанындағы көлеңкеде күтіп тұрды. Сонан соң екеуі басқа жолмен алаңға қайтып келді. Жаңағы адам тағы да басынан сипады. Аланда біраз қыдырған соң көлікке мінді. Паттың жоғары көтерілуге батылы жетпеді. Көліктің жанына барып, шоқиып отырды. Бір кезде көлік шаң-топырақты бұрқылдатып, жолға шықты. Пат та еш аялдамастан көліктің соңынан жүгірді. Жоқ, осы жолы қайтсе де бұл кісіден айырылмайды. Тілі салақтап, денесінің ауырғанына қарамастан бүкіл күшін жинап, көліктің соңынан қалмай жүгіріп, жылдамдығын үдете түсті. Көлік ауылдан алыстай түсті. Даладан өтті. Пат екі-үш рет көлікке жеткенімен, қайтадан қалып қойды. Бар күшін сарқа жинап, үмітсіздіктен арылуға тырысты. Дегенмен көліктің жылдамдығына ілесу қиынға соқты. Ол қателік жасапты. Көлікке жете алмағанымен қоса күші таусылып, әл-дәрмені құрыды. Бір кезде жүрегінің әлсіреп, дене мүшелерінің еркіне бағынбай бара жатқанын сезді. Сәл қозғалуға да шамасы келмеді. Еңбегі еш болған сияқты. Не үшін жүгіргенін түсінбеді, қайда бара жатқанын да білмеді: не артқа, не алдыға жол жоқ. Екі бүйірі солқылдап барып, тоқтады. Тілі салақтап кеткен. Көзінің алды қарауытып барады. Басы салбырап, зорға дегенде жолдың жиегіне жетті. Содан егістік алқабы жанындағы арықтың жанында бүйірін дымқыл жылы топыраққа тигізіп жата кетті. Өзінің ешқашан қателестірмейтін ішкі түйсігімен енді бұл жерден қозғала алмайтынын сезді. Басы айналып кетті. Ой-санасы тұманданып, сезімталдықтан айрыла бастады. Іші қатты ауырып барады. Дерт меңдеген көзінен әлсіз сәуле қылаң берді. Аяқ-қолы ақырындап сезуден қалды. Денесін суық тер жауып кетті. Жұмсақ, жанға жайлы бір салқындықты сезді... Күн ұясына батар кезде Паттың төбесін айналып, үш қарға ұшып жүрді. Олар Паттың иісін алыстан сезген еді. Қарғалардың бірі абайлап, оған жақынырақ қонды. Бажайлап қарап, әлі жантәсілім етпегеніне көзі жеткен соң қайтадан ұшып кетті. Қарғалар Паттың екі қоңыр көзін ойып алуды күтіп, ұшып жүрді.

Аударма авторы: Айнаш ҚАСЫМ
«Әдебиет порталынан» алынды.

Алатау

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ҒИБРАТТЫ ХИКАЯТ

Ара мен шыбынның айырмашылығы неде? Екеуінің де қанаты бар, екеуі де ұшып-қонады. Айырмашылығы біреу-ақ: ара гүлге қонады, шыбын ше? Қоқысқа.

Ара мен шыбынның айырмашылығы неде? Екеуінің де қанаты бар, екеуі де ұшып-қонады. Айырмашылығы біреу-ақ: ара гүлге қонады, шыбын ше? Қоқысқа.

Қияңқыдан қыңбайтын, майыспайтын, сынбайтын сардар сықақшы Ғаббас Қабышұлы ағамның «Көңіл көгінде» атты көлемі 430 беттік естелік кітабын оқып шыққанымда өзімді ара секілді сезіндім. Нәр алдым. Қуатты да шуақты сезім тұла бойыма тұнғандай әсерге бөлендім. Айтылмаған ақиқат. Таным. Тағылым. Парасат. Пайым. Көңіліңізді көкке көтереді. Бұл кітап естелік емес, ғибратты хикаят. Сонау студент кезінен кездесіп, сыр шертіскен таудай тұлғалардың айтқан әңгімелері бүгінгі ұрпақ үшін көмбедегі алтынды аршып алғандай. Атамұраның артына қалдырған қазынасын жинап бергендей. Аты аңызға айналған Сәбит Мұқановтан бастап Ғабиден Мұстафин, Бауыржан Момышұлы, Қасым Қайсенов, Рахымжан Қошқарбаев, Ілияс Есенберлин, Өзбекәлі Жәнібеков, Әнуар Әлімжанов, Әзілхан Нұршайықов, Асқар Тоқмағамбетов, Ебіней Бөкетов, Мәриям Хакімжанова, Ғафу Қайырбеков, Қуандық Шаңғытбаев, Шона Смаханұлы, Оспанхан Әубәкіров, Сәкен Жүнісов, Сағи Жиенбаев, Тұманбай Молдағалиев, Қадыр Мырза-Әлі, Мұқағали Мақатаев, Жұмекен Нәжімеденов, Шәмші Қалдаяқов, Оралхан Бөкеев, Заманбек Нұрқаділов, Алтынбек Сәрсенбаев… Тізе берсе, тіпті көп, жүзге жуық мүйізі қарағайдай қаламгер мен қайта тумас қайраткерлер туралы естелік-эсселері мен толғаныс топшылаулары – ғибратқа толы хикаят.

Әуелгі әңгімені жаныма жақын жанрдан бастайын. Сатира туралы талай ғұламалардың пікірлерін білем. Бірақ, о заманда бұ заман, «кәдімгі Сәбең» – Сәбит Мұқановтың жауынгер жанр жөніндегі топшылауын оқымаппын. Естіген де емеспін. Әйтсе де, бар екен. Қайда?

«Көңіл көгінде». Ғаббас аға жігіт шағында Сәбеңмен танысып, сатиramен әуестенетінін білгенде: «Дұры-ы-е-ес, – депті, – бірақ бұл өзі өте қиын, өте ауыр, жауапты жанр. Оны оқығанды осы бәріміз жақсы көреміз, сөйте тұрып оны сыйламаймыз. Біздің әдеби сын дейтініміз бұл сатираның ауылына аяқ баспайды, одан үркіп жүреді, байқайсың ба? Сатира – біздің қоғамымызға кеше де керек болған, бүгін де, ертең де өте керек жанр. Сондықтан жазу керек, жазыңдар, қорғанбаңдар. Сыйламайтындар, түсінбейтіндер – сатираны жеңіл-желпі күлкі деп ұғынатындар. Мен кешегі Бейімбеттің, Сәйділдің, бүгінгі Асқардың, Садықбектің, Оспанханның кейбір өлең-әңгіме, сықақтарын қайсыбір жазушыларымыздың қалың романдарына айырбастамас едім».

Ұйымдасқан қылмыс пен сыбайлас жемқорлық, аярлық, ашкөздік, алақолдық, парақорлық дендеген бүгінгі заманда сатирамыздың қауқары қандай? Құлақ асқан кім бар? Бүлінгенді бүтіндейтін семсер сөздің қуаты билікке керек пе? Құлақ бар, құлық жоқ. Сатирадай қаһарлы қаруды қолынан түсірмей жүрген жауынгер жанрдың «командирі» Ғаббас ағаның қайсарлығы кімге болса да өнеге-үлгі. Бар нәрсені бағалай білеміз бе? Ағаларды ағалай білеміз бе? Баяғының адамдарында іштарлықтан гөрі құштарлық басым еді. Орта Азия мен кешегі Кеңес Одағында Сәбеңді күллі оқырман төбесіне көтерген. Өзбектің атақты қаламгері Ғафур Ғұлам шетелдік әріптестеріне Сәбең туралы айта отырып «Маған хат-телеграмма салсаңдар: «Өзбекстан. Ғафур Ғұламға» деңдер. Ал Сәбеңе хат-телеграмма салсаңдар: «Совет Одағы. Сәбит Мұқановқа» десеңдер, жетіп жатыр!» – деген екен. Міне, өнеге! Міне, ғибратты әңгіме!

Ғаббас аға КСРО Әдеби қоры Қазақ бөлімшесіне директор болып тағайындалғанда, атақты жазушы Ғабиден Мұстафин жұмыс бөлмесіне ойда-жоқта кіріп келеді. Не шаруа? Әрісі Мәскеу, берісі Қырымдағы шипажайға жолдама керек пе? Әлде қаржылай көмек? Тіпті де олай емес, ешқандай бұйымтайы жоқ, тек бір ғана тілек білдірейін деп келген екен. «Әдеби қор – көптің көзі қадала беретін жер, аттылы да, жаяу да іздейтін өткел. Ақша жүрген жерде әзәзіл жүреді, албасты да жүреді, ең қиыны – сол. Әзәзіл мен албасты, егер адам сақтанбаса, абай болмаса, іштен де сырттан да шалады. Алтын көрген періштенің кебін құшқан талайды өкіндірген. Сен, қалқам, сақтана біл, абайлай біл, күнбе-күнгі ісіңе күнбе-күн қырағы бол, адал бол, әділ бол. Үйсіз, күйсіз жүрген жастар мен жас талаптарға қолыңнан келгенінше қарайлас», – дейді.

Жыр алыбы Жамбыл Жабаевтың аузынан шыққан ағыл-тегіл өлеңді қағазға түсіріп қаттап отыратын Әбділда Тәжібаев, Қасым Тоғызақов, Тайыр Жароков, Ғали Орманов секілді хатшылары болған. Жәкеңмен бірге өткізген жылдарынан сыр ақтарған Ғали ағаның естеліктері де – тәлімді дүние.

Жәкең көзінше көпшік қойып, қолпаштағанды жаратпайды екен. Айналасындағылардың ағат қылығын әдемі мысқылмен әжуалап, олардың мінездеріне сай ат қойғыш екен. Ғалекең сол қырын да айтыпты.

«Кенен ақынға: «Басың тұз түйген келсаптың басындай бозала боп кетіпті ғой», – десе, Есдәулет ақынға: «Суықтөбенің суыр аңдыған қоңыр ала бүркітіндей қопайып қайдан келдің?» – депті. Баласы Аққұлды «Іңірде ұшатын қара қоңыздай дарылдағым» дейтін».

Аузы дуалы ата-бабаларымыздың атқойғыштық дәстүрін бүгінгі ұрпақ жалғастырып жүр ме? Әй, қайдам…

Ақын, драматург, аудармашы Қуандық Шаңғытбаев кіммен кездессе де «Өй, Тахауи» деп әзілге жығып сөйлейтін әдеті бар-тын. Неге? Тахауи Ахтановпен түйдей құрдас, дос. Сол Қуандық ағамыз әдебиет, өнер саласы бойынша Мемлекеттік сыйлыққа ұсынатын комиссия мүшелігінен бір жылдан соң бас тартыпты. Себебі ме? Лауреаттықтан үміткер бір жазушы «Маған дауыс беріңіз!»деп табалдырығын тоздырады. Жай келмейді. Қолында – дорба. Ішінде – қазы-қарта, коньяк, шампан… Дауыс беруге ыңғайлаған «жөн-жоралғысын» өзіне қайтарып, арқалатып жібереді. Оған дауыс берген бе? Жоқ, бермеген. Соның өзінде сол жазушы Мемсыйлықты алған. «Бағанағыдай кезбелер алмай қоймайды деп естіген едім, рас екен», – депті Қуан аға, өзімен мінездес Ғаббас інісіне. «Кезбенің» кім екенін сезгіңіз келсе, ғибратты хикаятқа көз жүгіртіңіз.

Заманымыздың заңғар жазушысы Мұхтар Әуезовті 1953 жылдың көктемінде замандастары «феодалшыл», «буржуазияшыл», «кертартпа», «ұлтшыл» деп албаты айыптауымен қуғынға ұшырағанда, Мемлекеттік Қауіпсіздік Комитеті құра бастаған қақпанға түсірмей, құтқарып, Мәскеудегі достарына жасырын аттандырып жіберген жанкешті жазушы кім? Әнуар Әлімжанов. Қалай? КГБ жүйесінде орта дәрежелі қызмет істейтін ағасы Абдолламен алдын-ала келісіп, Мұхтар Әуезовке тұтқындалу қаупі төнуі мүмкін екенін ескертіп, құлағын түре жүруді тапсырады. Содан бір күні ағасы келіп, Мұхаңның ертең тұтқындалатынын хабарлайды. Мұхаң сыңаржақ сынға жем бола бастағанда-ақ ұстазын құтқару жолдарын іздеуге құпия кіріскен Әнуар сұмдықты Мұхаңа шебер жеткізіп, сендіре біледі де, ағасы арқылы КСРО Жоғарғы Кеңесінің депутаты Қалибек Қуанышбаевтың атына авиабилет алып, Мәскеудегі сырлас досы Александр Фадеевке аман-есен аттандырады. Қақпан құрғандар қапы қалады. Мұқаңның Мәскеуде екенін сонда жүрген драматург-жазушы Әлжаппар Әбішев естіп, іздеп барып, сәлем береді. «Мен үшін басын балтаның астына тосқан Әнуардың адамзаттығына – өлсем топырағым риза. Егер ол қашып кетудің алуан түрлі айласын таппаса, мен қазір Мәскеудің мынандай төрінде емес, Алматыдағы түрмелердің бірінің түбінде отырар едім», – депті Мұхаң, шәкіртіне ризашылығын танытып.

Мәскеуде ұйымдастырылған «Жас тұлпар» бірлестігінің Алматыға келген тобын – ұлт мүддесін көздеген ойлы жастарды әсіре-саясатшылардан батыл қорғаған кім? Әнуар Әлімжанов. Мұстафа саяси ақталмай тұрған кездің өзінде «Қазақ әдебиеті» газетіне «Мұстафа Шоқаев… Ол кім?» деген көлемді, дәлелді мақала шығарып, оны ақтау туралы ОК-ның алдына батыл талап қойған кім? Әнуар Әлімжанов. Сондай-ақ Сәкен Сейфуллиннің, Бейімбет Майлиннің бірнеше әңгімесін, әсіресе, «Шұғаның белгісін» орыс тіліне тұңғыш аударған Әлекең екенін білеміз бе? Әлемге әйгілі ғұлама Әбу Насыр әл-Фараби бабамыздың бүгінгі бейнесін шетелден тауып әкелген де – Әнекең екен.

Мектеп бітіруші қазақ жастарын мал соңына салып қоюды көздеген Мәскеудің үндеу-ұрандарын құптамай, жеткіншектеріміздің өздері қалаған жоғары оқу орындарына барып, техникалық мамандық алуы – ертеңгі күннің талабы екенін «Правда», «Литературная газета» беттерінде алғаш айтқан да – Әнекең. Азия және Африка жазушыларының 1973 жылғы қыркүйекте Алматыда өткен бесінші конференциясын ұйымдастырған да – Әнекең. Кезінде Мұхтар Әуезов: «Егер I Петр Еуропаға терезе тескен болса, Әнуар Әлімжанов тұтас ашты!» – деген екен. Көреген ұстаз шәкіртінің кеудесіндегі шуақты сәулені сезген ғой.

…Сатиралық тілмен тұздықталған саяси астары бар сан алуан хикаят та шаш етектен. Үңілесіз. Үңілесіз де, кейбір жәйттерден түңілесіз. Аты-жөні әйгілі бір саясаткер інісі 2003 жылы қыста ғарышкер Тоқтар Әубәкіров екеуі Алматы облысындағы Сөгеті елдімекенінің маңында бүркітпен аң аулағандарын, сол маңда тұратын бір бүркітші қарттың үйінде мейман болғандарын, қарттың Тоқтарға «Сен де көкте самғаған қырансың ғой!» деп мақтаныш сезіміне бөлене бүркіт сыйлағанын айтыпты. Саясаткер інісі тұғырда бір бүркіттің мыжырайып отырғанын байқапты. Сөйтсе, ол бүркіт бірде түлкіге сәтсіз түсіп, топшысы сынған екен. Бірақ кейін жарақаты жазылса да, аңға беттемейтін, тіпті ұшудан қорқатын болыпты. «Байғұс-ай, кәдімгі үй құсына айналыпты. «Бүркіт те киелі құс қой» деп аяп, қанатынан сипап, «Мұң бар ма екен?» деп оның көзіне үңілдім. Көзінде мұңның елесі де жоқ екен. Үйдегі үйрек пен тауық секілденіп, қолыңа дәмете қарайды. Сол бүркіттің міскін кейпі көз алдымнан кетер емес», – депті. Сабауқамшылы саясаткер атанып, кейінірек шапалақ жегеннен шоколаджегішке айналған бір ақын ағасын меңзепті. Саясаткер інісі кім? Білгіңіз келсе, «Көңіл көгінде» тайға таңба басқандай жазулы. Парақтаңыз.

Ғаббас аға 1977 жылы қаңтар айында Мағжан Жұмабаевтың жұбайы Зылиха апаймен танысады. Қазақ әдеби қорының директоры кезі. «Қайтыс болған жазушылардың отбасы мүшелеріне жәрдем» дейтін бапқа сәйкес, жыл сайын бір мәрте, екі мәрте ақшалай көмек көрсетеді. Бір жарым бөлмелік пәтерін Министрлер Кеңесінің төрағасы Жұмабек Тәшенов бергізген екен – нағыз ерлік, қамқорлық! Мағжан ағаның ақталмаған заманы ғой.

Ғабекең Мағжанның артында қалған архивін ақтарып, қолжазба, өлеңдерін түгендеп алады да, мәшеңкеге төрт дана етіп бастырады. Сосын сол шығармаларын баспаханамен келісіп, жасырын басқан екі томдық сегіз кітапты шығарады да, Зылиха апайға апарып тапсырады. Күндердің күнінде құпиясы ашылып, тәркілене қалса деген сақтықпен екітомдықтың біреуін апайға қалдырады да, біреуін Әнуарға беріп, біреуін өзі алады. Ал соңғы данасының тағдыры «қызық», оны да жинақтан оқып біле аласыздар.

Қазақ әдебиетінде тұңғыш сатиралық роман жазған Садықбек Адамбеков жасы ұлғайған шағында сырқаттанып, өзі туып-өскен Арыс қаласына қоныс аударып, сексенге келгенше сонда он жылдай ғұмыр кешкені белгілі. Ғабекеңнің «Жалғыз келіп өмірге, жалғыз кетіп барамын» деп мұң шаққан Сәкеңмен қаншама хат жазысып, хат алысқаны – бір ғибрат. Оңтүстіктің Арыс қаласынан 1995 жылы маусымның 24-і күні жолдаған алғашқы хатының соңғы сөйлемі былай аяқталады: «…Әдебиет әлеміне от ұстап келіп едім, отқа оранып өлетініме кәміл сенетін шығарсың. Менің айтар өкпе-назым жоқ. Құдайдың салғанын көріп жатырмын. Арыс азаматтарының арқасында жоқшылық көріп, жалғыздық көріп жатқаным жоқ. Бірақ мына «шылбыр сүйреткен» пасық ауру арыма да, намысыма да тиіп, көз алдым күңгірт тарта береді…» Дертке ұшыраған ағасының хал-ахуалын хат арқылы сұрап, жанына жалау болған Ғабекең қаншама сауап жинағанын біз біле береміз бе?

Сәкең араларынан қыл өтпейтін достары – Сырбай Мәуленов, Тахауи Ахтанов, Жұбан Молдағалиев дүниеден озғанда қалай күңіренгенін жазыпты. «Жұбан болып тудың да, Махамбет болып өлдің сен». Өзіне тоқтау салыпты. «…Сырбай қазасы мені сансыратып кетті, қанжылатып кетті. Жалғыз қалғанымды сонда ғана сездім. Мені үрей басты!» – деп, жоқтау өлеңін «Қазақ әдебиетіне» жолдаған. Ал Тахауиға арнауында:

…Жалғыз түп қана тал едің,
Кеттің орман өсіріп,
Сол орманға ел көшіріп,
Мен үйімді жыға бастадым,
Ошақтың отын өшіріп, – депті.

Аза бойың қаза болардай жыр жолынан үзінді ғой бұл. Бейнелі сөзбен бедерлеп, «Беу, дүниені!» жоқтаудың үлгісі осындай-ақ болар.

Табиғаты тылсым Жұмекен Нәжімеденовпен араласқандардың бәрі «жібек мінезді жігіт еді» дейді. Ғаббас аға ше? «Өзі ақын, өзі домбырашы-күйші болса, Тәңірі Адам, Азамат етіп жаратса, ақыл-парасаты мол Жұмекең қалай ғана жібек мінезді болмасын?!» – дейді. Жаратылысы солай. Ішек-сілеңді қатырар анекдот естігеннің өзінде, ептеп езу тартқаны болмаса, күлмейді екен. «Айғырша арқырап күлмеген соң жігіттің айызы қанушы ма еді, осы сен қашан дұрыстап күлесің?» – десе, Жұмекен: «Ауыз шіркінімді барынша ашып күлсем, шолақ тілімнің қабынаты бар», – депті. Сонда Шәмші Қалдаяқов: «Мұның бір өлеңі бар, қалай еді, әлгі… «Америкада түс көрсең де, төленетін ақы бар» ғой, ә? Жұмекенге жөндеп күлу үшін ақы төлеу керек!» – деп қуақыланса керек. «Кей күні – ішің, кей күні – ісің сатылар, Америкада түс көрсең де – төленетін ақы бар» деп басталатын өлеңі ғой? – дейді Ғаббас аға. Шәмші мәз бола күлді. Жұмекен жымиды».

Иә, Жұмекен жай ғана жымиятын. Қарқылдап күлмейтін. Неге? «Бұтақтарың – биікте, тамырларың – тереңде… Бомбалар қоймасындай көкірегімді күні-түн күзетемін» деп жиі толғанатын (оның жүрек сырқаты бар еді) дара ақынның езуіне күлкі құрғыр үйіріле қоймаған:

Адасады ақша бұлт,
Ақ шың тауып қонбаса.
Бұлтта тұрған түк те жоқ,
Адасқаны болмаса.
Терең дейміз қара су,
Қара емес-ақ ол да аса.
Суда тұрған түк те жоқ,
Тереңдігі болмаса…

…Егде ақын-жазушы ағаларымыздың адамгершілікпен көмкерілген сырларын тыңдай бергің, Жұмекеннің, Қадырдың, Тұманбайдың, Сәкеннің, Тоқтарбектің… сұлу жырларын, Оспанәлінің, Оспанханның, Тоқтарханның, Қажытайдың… ажарлы әзіл-сықақ әңгімелерін оқи түскің келеді. Жайдары жаздың тұнық түнінде көгілдір аспан әлеміндегі жарқыраған жұлдыздарды тамашалағымыз келетіндей. Сондай сезімге бөленгісі келген жандар Ғаббас ағаның ғибратты хикаяттарын парақтасын.

КӨПЕН ӘМІРБЕК

«Қазақ әдебиеті» сайтынан алынды.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ОБРАЗОВАНИЕ

ИТОГИ ПРОШЛОГО УЧЕБНОГО ГОДА

«Прошлый год был для всех непростой. Практически, по всему миру было онлайн обучение оно принесло, свои плюсы также и минусы. Надо сказать, что у нас были организованы дежурные классы с 1 по 5 классов, было комбинированное обучение 9-11 классов. Мы все понимаем, что были издержки образования - это признают на всех официальных и неофициальных уровнях, и наша задача в этом году, чтобы как можно быстрее достичь тех уровней, которые у нас были до онлайн обучения. Наши дети не смогли в полной мере заниматься физической культурой и спортом, что сказывается на психологическом состоянии детей. Мы в сентябре начинаем подготовку к новому учебному году. В этом году есть особенности учебного года: урок будет состоять из 45 минут, уменьшается педагогическая нагрузка наших педагогов на два часа, если раньше было 18 часов, то сейчас 16 часов. Это дает возможность педагогу более тщательно подготовиться к урокам, распределить качеством свое время и выделить основное время нашим учащимся», –сообщает Жаныл Магдановна на предстоящем брифинге Jetisy Media.

В прошлом году стояла задача именно, чтобы педагог владел навыками цифровых технологий, то есть каждый педагог был обязан уметь и знать, как работать с образовательными программами и независимо от стажа работы и независимо от возраста и населенного пункта. У нас более 45 тысяч учителей прошли уже курсы по цифровой грамотности.

В связи тем, что у нас отсутствует, типовые учебные планы есть и нагрузка с 1 по 11 классы, уменьшилось количество недельной нагрузки на каждого, удлинились уроки - теперь 45 минут классический урок и то что, уменьшилась педагогическая нагрузка с 18 на 16 часов. Ни в коем случае это не влияет на заработную плату, наоборот наши министр и на государственном уровне озвучили, что наши педагоги получают очень достойную заработную плату за свой такой творческий и нелегкий труд.

Этот новый учебный год отличается тем, что будут соблюдены все меры безопасности для того, чтобы сохранить здоровье нашим педагогам и учащимся. При этом все школы области оснащены соответствующими приборами, на это у нас из бюджета выделено 435 миллионов тенге. Самое главное, что мы обеспечили учебники в этом году, и также было выделено на учебники практически около 4 миллиардов, и только 1 и 6 миллиардов на учебники 1 классов. В этом году в школах Казахстана вводится Әліпби и Букварь. Это замечательно, ведь первые звонки прозвучат именно для первоклассников.

В этом году вводится новый познавательный урок - урок домбры. Каждый учащийся может по желанию проходить этот урок и по возможности школы. Это не значит, что мы во всех школах обязательно введем этот предмет, но при наличии учащихся, при наличии желания и при наличии этих инструментов это можно сделать.

Жания КАРАУЛОВА

● БРИФИНГ

99% УЧИТЕЛЕЙ ОБЛАСТИ ВАКЦИНИРОВАНЫ.ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫЕ ОРГАНИЗАЦИИ ПОЛНОСТЬЮ ГОТОВЫ К ПРЕПОДАВАНИЮ В ТРАДИЦИОННОМ ФОРМАТЕ В СЛОЖНОЙ ЭПИДЕМИОЛОГИЧЕСКОЙ СИТУАЦИИ. ОБ ЭТОМ НА ПРЕСС-КОНФЕРЕНЦИИ В JETISY MEDIA СООБЩИЛ ЗАМЕСТИТЕЛЬ АКИМА АЛМАТИНСКОЙ ОБЛАСТИ БАЙЖУМАНОВ БАТЫРЖАН КУЛАЙМЕРГЕНОВИЧ.

ЭПИДОБСТАНОВКА В ПРЕДСТОЯЩИЙ УЧЕБНЫЙ ГОД



Известно, что в новом учебном году ожидается увеличение количества учеников на 440 тысяч человек, в первый класс будет принято около 47 тысяч учеников.

«Все школы обеспечены средствами защиты, на эти цели из местного бюджета выделено 200 миллионов тенге. Во всех образовательных учреждениях внедрена программа «Ashyq», - сказал Байжуманов Батыржан Кулаймергенович.

В новом учебном году 100% учащихся из социально незащищенных слоев населения и малообеспеченных семей будут обеспечены бесплатным горячим питанием в школах региона.

«Дополнительно выделено 2,6 млрд. тенге на обеспечение горячим питанием и школьной формой 44 531 учащегося из многодетных и малообеспеченных семей», - сказала руководитель областного управления образования Сулейменова Жаныл Магданова.

Стоит отметить, что в рамках акции «Дорога в школу» на 12 902 ученика выделено 122 миллиона тенге. Работа в этом направлении продолжается. Благодаря государственной поддержке в этом году в области строится 40 объектов образования, в том числе 28 школ. В начале учебного года будут открыты 6 новых школ, до конца года планируется ввести в эксплуатацию еще 4 школы.

"АЛАТАУ-АҚПАРАТ"

ОБЩЕСТВО

КАНИКУЛЫ С ПОЛЬЗОЙ

ЕЖЕГОДНО УЧАЩИЕСЯ НАЗАРБАЕВ ИНТЕЛЛЕКТУАЛЬНЫХ ШКОЛ В ЛЕТНЕЕ ВРЕМЯ ПРОХОДЯТ РЯД СОЦИАЛЬНЫХ ПРАКТИК, ГДЕ ОНИ ЗНАКОМЯТСЯ С ДЕЯТЕЛЬНОСТЬЮ РОДИТЕЛЕЙ, УЗНАЮТ О РАЗНЫХ ПРОФЕССИЯХ, ПОСЕЩАЮТ ПРЕДПРИЯТИЯ, ИЗУЧАЮТ БЫТ АУЛА, ПИШУТ ИССЛЕДОВАТЕЛЬСКИЕ РАБОТЫ.

Так, ученица 11 класса NIS города Талдыкорган Диляра Жанболатова посетила работу своей мамы - молочный завод «ТОО Уштобе». Родитель Диляры работает здесь главным бухгалтером. По словам юного практиканта, завод был построен в сороковые годы и по сей день поставляет молочную продукцию в разные регионы Алматинской области.

- Летом я прошла практику «Возьми ребенка на работу». Увидела своими глазами весь процесс производства молочных продуктов, а также сумела освоить работу с первичной документацией по бухгалтерии, - рассказала в своем интервью ученица Интеллектуальной школы Диляра.

Двухнедельную практику «2 апта ауылда» ученица 8 класса Диана Хасимова прошла в селе Кызылагаш. Село расположено у подножья гор Джунгарского Алатау. Здесь Диана смогла познакомиться не только с бытом сельской жизни, но изучить флору и фауну местности. Вместе с тем, она не забывала и про школьную программу. Диана преподавала уроки математики для своей младшей сестры.

- Данный вид практики дал мне детальное представление и понимание о жизни аула, трудовых навыков. Я смогла лучше развить знания по казахскому языку, узнала, как преодолевать бытовые трудности. Несомненно, в ауле начинаешь по - настоящему понимать историю и традиции казахского народа, понимать ментальные корни, - поделилась своими впечатлениями Диана.

«10 дней на предприятии у родителей» ученица 9 класса Нигара Асантай прошла в Назарбаев Интеллектуальной школе, на работе у своей мамы. Родитель Нигары, Эльмира Тленчиева, работает педагогом-куратором – организатором. Это очень ответственная позиция, где педагог-куратор должен обладать педагогической эрудицией, иметь хорошие организаторские способности, уметь работать в режиме многозадачности. А самый главный навык в данной профессии – это прежде всего качество наставничества.



В ходе практических стажировок ребята вели онлайн блоги и рефлексивные дневники, где они делились впечатлениями, размышлениями, оценивали самих себя, свои действия и поступки, выкладывали фото и видео познавательно-исследовательской деятельности.

СОБ.КОРР.

Бейсенбі - Четверг, 9 қыркүйек

ҚАЗАҚСТАН

06.00,04.25 Әнұран
06.05 Д/ф «Қазақ даласының құпиялары».
06.25,13.00,17.00,20.00,01.40 AQPARAT
07.00 Т/э «TANSHOLPAN».
10.00, 18.00 Т/х «Ғашықтық дерті»
12.00 «Қызық екен..»
13.15 «АЙДАҺАРЛАР: БЕРК САҚШЫСЫ».
14.00 «Теледәрігер»
15.00 «Тәуелсіздік тәуекелдері»
15.35 «Тұлға»
16.00,21.30 «ЗАМАНДАСТАР»
17.15 «Қызық екен..»
20.35 «Ашық алаң»
22.30 Т/х «Жат мекен»
23.30 «ЖАРҚЫН ЖҮЗДЕСУ»
00.10 «PARASAT MAIDANY»
00.40 «Сана»
02.15 «Ашық алаң»
03.05 «Теледәрігер»
03.55« Ғажайып өлке»

ХАБАР

06.00,02.00 ҚР Әнұраны
06.00 Хабарлайын
07.00 «Таңғы хабар»
10.00,22.45 «Мерейлі отбасы»
10.30 «Бір туынды тарихы»
11.00 «Сырлы қала»
13.00,21.30 «Келінжан-3»
14.15 «Сұрбойдақ»
15.00 «Бүгін»
16.00,23.15 Российский телесериал
18.00 Мегахит«Вердикт за деньги»
20.00 Қорытынды жаңалықтар
20.30 «Народный контроль»
21.00 Итоги дня
01.15 «Семейные обстоятельства»

АСТАНА

06.00 «Ән мен әзіл»
06.30 «Қара ой»
07.00 «Ұрланған тағдыр»
08.00 М/ф «Маша и медведь»
09.50, 22.00 Т/х «Үзілген моншақ»
11.20, 21.00 Т/х «Қара ниет-2»
12.20,23.20 Т/х «КЭ БЭК»
14.00 «Айтарым бар»
15.00 «Сүлеймен Сұлтан»
16.20 «Аладдин»
17.30 «Тағдырым жазылған күн»
18.30 «АНА»
20.00,01.40 Astana times
00.50 «Келіндер»
02.10 «Біреудің есебінен» деректі драма
02.55 «KazNet»
03.15 «Үздік әзілдер»
03.50 «Интерны»
04.35 «Біздің ауыл»
05.05 «Сырты бүтін»
05.30 «БІРЕГЕЙ»

ЕВРАЗИЯ

06.00 «Әйел сыры»
06.55 ТОЙ БАЗАР
07.55, 02.05 «П@утина»
09.00 «Доброу утро»
11.00 «Жить здорово»
12.00 «На самом деле»
13.00 «ПУСТЬ ГОВОРЯТ»
14.15 Т/э «112»
14.30 «QOSLIKE»
18.30,03.10 «Басты жаңалықтар»
19.00 «Гадалка-2»
20.00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20.40 «Канцелярская крыса»
00.40 «Лучшие враги»
01.45 «112»
03.40 «Әйел сыры»

КТК

07.00 ҚР Әнұраны
07.05,03.40-04.10 «Кешкі жаңалықтар»
07.30 Т/х «Ясминнің тағдыры»
08.50 «Өмір сабағы»
09.50 «НОВОСТИ»
10.30 «БЕЗ ФИЛЬТРОВ»
11.30 «На твоей стороне»
13.40 «Проспект обороны»
16.00 «Отречение»
18.00 «Махаббат ойындары»
19.30 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР
20.00 АСТАРЛЫ АҚИҚАТ
21.00 Вечерние новости
21.40 «На твоей стороне»
23.40 «Проспект обороны»
01.30 «Отречение»
02.15 АСТАРЛЫ АҚИҚАТ
03.00 «Әйел қырық шырақты»

ЖЕТІСУ

07.00 Әнұран
07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
09.00 Жаңалықтар
09.30 Новости
10.00 М/ф «Тобот»
10.30 «Бүгін»
11.00 «Сыралғы»
11.45 «Спорт» (әдіс)
12.00 «Шашу»
13.00 «Ақ тілек» концерті
14.00 К/ф «Криш 3»
16.30 Д/ф «Кең ауқымда»
17.00 «Шашу» /тікелей эфир/
17.45 «Ковид-шолу»/Ковид-обзор
17.52 «Тәуелсіздік жылнамасы»
18.00 Жаңалық
18.15 Новости
18.25 «Ковид-шолу»/Ковид-обзор
18.35 «Дәрігер кеңесі» /тікелей эфир/
19.20 «Тәуелсіздік жылнамасы»
19.30 «Сегодня» /прямой эфир/
20.00 «Зейнел апаның әңгімелері»
20.15 «Әсем әуен»
20.30 Қорытынды жаңалықтар
21.00 Д/ф «Кең ауқымда»
21.30 Итоговые новости
22.00 «Армансыз күнім болмайды» концерті
23.10 Новости
23.35 Жаңалықтар
00.00 Әнұран

31 КАНАЛ

05.58 ҚР Әнұраны
06.00 Әзіл студио
07.00 Информбюро(повтор)
08.10 «Суд идет»
09.20 «Иффет»
10.40 «Жанкешті ханымдар»
13.30 «Құзғын»
14.30 «Консультант»
17.00 «Суд идет»
18.10 «Патруль времени»
20.00 ИНФОРМБЮРО
21.00 «ВОРОН»
21.50 «ЯДОВИТАЯ РОЗА»
00.00 Д/ф «В мире чудес»
01.00 Кел, татуласайық!
03.00 Алдараспан, Нысана, Шаншар әзілдері
05.00 Ризамын

7 КАНАЛ

06.00,05.30 «Қуырдақ»
07.00 «Оян, QAZAQSTAN»
09.00, 15.00 «Мезгілсіз сезім»
10.00,18.00 «Случайный кадр»
11.00, 19.30 «Скорая помощь»
13.00 «Әсекшілер»
14. 00, 01.30 «Q-eli»
16.10 «Там, куда падают звезды»
17.30,00.00 Сериал «Гранд»
19.00 «Студия 7»
21.30,05.00 «Япырай»
22.00, 03.00 «Арам ақша.Адал махаббат »
00.30 « Анна –детектив»

Жұма - Пятница, 10 қыркүйек

ҚАЗАҚСТАН

06.00, 03.25 Әнұран
06.05 Д/ф «Қазақ даласының құпиялары»
06.20, 17.00, 20.00, 01.35 Aqparat
07.00 «TANSHOLPAN»
10.00 18.00 «Ғашықтық дерті»
12.00, 17.15 «Қызық екен...»
13.00 «Айдаһарлар: шалғайдағы шытырман»
14.00, 02.55 «Теледәрігер»
15.00, 03.45 «Заң және біз»
15.30 «Атамекен»
16.00 «Замандастар»
20.35, 02.05 «Ашық алаң»
21.30 «Өмірдің өзі новелла»
22.30 Т/х «Жат Мекен»
23.20 «Жарқын жүздесу»
00.20 «Сана» ток-шоу
02.40 «Ауылдастар»

ХАБАР

06.00, 02.00 Әнұран
06.00 Т/х «Хабарлайын »
07.00 «Таңғы хабар»
10.00 «Ән әлемі»
10.30 «Бір туынды тарихы»
11.00 Т/х «Сырлы қала»
13.00, 21.30 Т/х «Келінжан-3»
14.15 «Сұрбойдақ»
15.00 «Бүгін». Тікелей эфир
16.00, 23.30 Телесериал
18.00 Мегахит «Переговорщик»
20.00 Қорытынды жаналықтар
20.30 «Індетпен күрескен Қазақстан». Вакциналау тарихы
20.45 «Как боролись с эпидемиями в Казахстане». История вакцинации
21.00 Итоги дня
00.45 «Семейные обстоятельства»

АСТАНА

06.00 «Ән мен әзіл» концерттік
06.30 «Қара ой»
07.00 Т/х «Ұрланған Тағдыр»
08.00 М/ф «Маша и Медведь»
09.50, 22.00 «Үзілген моншақ»
11.20, 21.00 Т/х «Қара ниет-2»
12.20, 23.20 Т/х «КЭ БЭК»
14.00 «Айтарым бар»
15.00 Т/х «Сүлеймен Сұлтан»
16.20 Т/х «Аладдин»
17.30 Т/х «Тағдырым жазылған күн»
18.30 «Ана»
20.00, 01.45 «Астана times»
20.55 Loto 5/36
00.55Келіндер
02.10 «Біреудің есебінен»
02.55 «KazNet»
03.15 «Үздік әзілдер»
03.50 «Интерны»
04.35 «Біздің ауыл»
05.05 «Сырты бүтін»
05.30 «Бірегей»

ЕВРАЗИЯ

06.00 «Әйел сыры»
06.55 «Той базар»
07.55 «П@утина+»
09.00 «Доброе утро»
11.00 «Жить здорово»
12.00 «На самом деле»
12.55 «Жди меня» Казахстан»
14.00 «112». Прямой эфир
14.15 «112». Тікелей эфир
14.30 «Qoslike»
18.30, 02.45 «Басты жаңалықтар»
19.00 «Пендеміз ғой»
20.00 «Главные новости»
20.40 «Поле чудес»
22.00 сериал «Мама в законе»
01.45-03.15 «112». Криминальные новости
02.00 «П@утина+»

КТК

07.00 Әнұран
07.05,19.30,03.30-04.00 Кешкі жаңалықтар
07.30Т/х «Ясминнің тағдыры»
08.50 Т/х «Өмір сабағы»
09.50 Новости
10.30 «Без фильтров»
11.30Д/ф«На твоей стороне»
13.40Д/ф «Проспект обороны»
16.00, 01.30«Отречение»
18.00 Т/х «Махаббат ойындары»
19.30 Кешкі жаңалықтар
20.00, 02.15«Дау-дамайсыз»
20.35, 02.40 «KTKweb»
21.00 Вечерние новости
21.40«Легенда для операции»
03.00 «Әйел қырық шырақты»

ЖЕТІСУ

07.00 Әнұран
07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
09.00 Жаңалықтар
09.30 Новости
10.00 М/ф «Тобот»
10.30 «Сегодня»
11.00«Дәрігер кеңесі»
11.45 «Спорт» (әдіс)
12.00 «Шашу»
13.00 «Армансыз күнім болмайды » концерті
14.00 К/ф «Сүйгенім бол...»
16.15 «Әсем әуен»
16.30 Д/ф «Кең ауқымда»
17.00 «Шашу» /тікелей эфир/
17.45 «Ковид-шолу»/Ковид-обзор
17.52 «Тәуелсіздік жылнамасы»
18.00 Жаңалық
18.15 Новости
18.25 «Ковид-шолу»/Ковид-обзор
18.35 «Сыралғы» /тікелей эфир/
19.20 «Тәуелсіздік жылнамасы»
19.30 «Бүгін» /тікелей эфир/
20.00 «Спасая жизни»
20.15 «Ковид-шолу»/Ковид-обзор
20.30 Қорытынды жаңалықтар
21.00 Д/ф «Кең ауқымда»
21.25 20-блок
21.30 Итоговые новости
22.00 «Талқы»
23.10 Новости
23.35 Жаңалықтар
00.00 Әнұран

31 КАНАЛ

05.58 Әнұран
06.00 «Әзіл студио»
07.00, 20.00 Информбюро
08.10, 17.00 «Суд идет»
09.20 «Иффет»
10.40 «Жанкешті ханымдар»
13.00 «Құзғын»
14.30 «Консультант. Лихие времена»
18.00Х/ф «Ядовитая роза»
21.00 «Ворон»
21.50 «Киллеры»
00.00 «В мире чудес»
01.30 «Кел, татулайсайық!»
03.30 Алдараспан, нысана, шаншар әзілдері
04.50 Ризамын

7 КАНАЛ

06.00, 05.10 «Қуырдақ»
07.00 «Оян, Qazaqstan»
09.00, 15.00 Т/х «Мезгілсіз сезім»
10.00 «Сучайный кадр»
11.00 «Скорая помощь»
13.00Т/х «Әсекшілер»
14.00, 02.40 Скетчком «Q-eli»
16.00 «Орёл и решка»
17.10 Х/ф «Смешанные чувства»
19.00 Вечерняя программа «Студия 7»
19.30 Шоу «Ну-ка, все вместе!»
21.30«Япырай»
22.00, 03.00 «Арам ақша. Адал махаббат»
00.00 Шоу «Маска»

Сенбі - Суббота, 11 қыркүйек

ҚАЗАҚСТАН

06.00, 03.25 Әнұран
06.05, 02.40 «Қазақ даласының құпиялары»
06.25, 03.35 «Ғасырлар үні»
07.10 Aqparat
07.50 «Сұлулық сыры»
08.40 Д/ф «Сағындырған әндерай»
09.40 Т/х «Киелі Қазақстан»
10.00, 18.00 Т/«Ғашықтық дерті»
12.00 «Ән мен әнші»
13.45 «Үшінші шрек»
15.15 «Сүймегенге сылтау көп»
17.00 «Daryn» шоу
20.00 «Мәселе»
20.40 «Қазақстан дауысы»
22.30 Т/х «Жат Мекен»
23.30 К/ф «Трансформерлер: соңғы рыцарь»
02.00 Ауылдастар

ХАБАР

06.00, 02.00 Әнұран
06.00 «Кел, шырқайық»
07.30 «Өзін-өзі тану»
07.15 «Сердце ангела»
09.00 «Tangy fresh»
10.00 Тұсаукесер! XXI ғасыр көшбасшысы
11.00 «Әке бақыты»
12.00 «Келінжан-3»
14.30 «Иван Васльевич меняет профессию»
16.30, 23.15 Телесериал
18.00 Мегахит «Бойцовский клуб»
20.00 Хит жазамын
21.00 Ақпарат арнасы «7 күн»
22.00 «Хабарлас»
01.15«Семейные обстоятельство»

АСТАНА

06.00, 05.30 «Ән мен әзіл»
06.30 «Күлдірген»
07.00, 05.00 «Үздік әзілдер»
08.00 М/ф «Маша и Медведь»
09.50, 22.00 Т/х «Үзілген моншақ»
11.20, 21.00 Т/х «Қара ниет -2»
12.20, 23.25 Т/х «КЭ БЭК»
14.00 Х/ф «Аким»
17.30 Т/х «Тағдырым жазылған күн»
18.30 «Ана»
20.00 Үздік әндер
20.25 «100 сұхбат»
20.55 «Loto 6/49»
00.55 «Үздік әндер»
02.40 «Azil keshi»
04.10 Той жыры
04.40 «KazNet»
05.30 «Сырты бүтін»

ЕВРАЗИЯ

06.00, 03.15 Т/х «Әйел сыры»
06.50, 03.50 «Той базар»
07.50 «Индийское лето»
09.00 «Ұлы даланың мұрасы»
09.15 «Пендеміз ғой»
10.20 «Ералаш»
10.35 «Фабрика грез»
11.05 «КВН. Высшая лига»
13.45 «Мама в законе»
18.00 «Вау, Казахстан!»
18.30 «Мама, маған дауыс бер!»
20.00 «Айна»
21.30 «Рысь»
01.50 «П@утина+»

КТК

07.00 Әнұран
07.05 «Әйел қырық шырақты»
07.50Т/х «Үлкен үй-3»
08.30«Басты рөлде»
09.00, 03.30, 04.30«КТК –да Қабатов»
10.20 «Юморина»
11.00 «Легенда для операции»
15.00, 02.20 «Аталар сөзі»
17.00 «Ф.И.Л.И.Н»
21.00 «Большие новости»
22.00 «Компаньонка»
01.40 «Отречение»

ЖЕТІСУ

07.00 Әнұран
07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық»/
09.00 Жаңалықтар
09.30 Новости
09.55 Ауа райы, роликтер
10.00 М/ф «Тобот»
10.30 «Бүгін»
11.00 «Сыралғы»
11.45 «Спасая жизни»
12.05 «Шашу»
13.00 «Талқы»
14.00 «Олжа»
14.30 «Ұлт құндылығы»
15.00 «Красная шапочка» ертегісі
16.00 «Әсем әуен»
16.30 Д/ф «Кең ауқымда»
17.00 «Әсем әуен»
17.35 Д/ф «Мәдени қазыналар»
17.52 «Тәуелсіздік жылнамасы»
18.00 Жаңалық
18.15 Новости
18.30 «Бір бала»
19.20 «Әсем әуен»
19.30 «Безбен»
20.05 «Сильные духом»
20.25 18-блок
20.30 Қорытынды жаңалықтар
21.00 «Тарих парақтары»
21.30 Итоговые новости
22.00 «Қазақстанда жасалған»
22.50 «Әсем әуен»
23.10 Новости
23.35 Жаңалықтар
00.00 Әнұран

31 КАНАЛ

05.58 Әнұран
06.00 Ризамын
06.30 Әзілдер күнделігі
07.10 «Тамаша live»
08.00 «Информбюро»
9.10 «Tennis show»
09.30 «Готовим с Адель»
10.00 «Тәтті шоу»
11.00 Д/ф «Өмір сахнасы»
11.40 «Аладдин»
12.40 М/с «Лило и стич»
14.00 М/с «Три богатыря и наследница престола»
15.50 «Киллеры»
18.00 «Анелы чарли-2; только вперед»
20.00«Такси-2»
21.40 Кино «Незнакомец»
00.30 «Экстрасенсы против детективов»
02.10«Тамаша live»
02.40 Алдараспан, Нысана, Шаншар әзілдері
03.30 «1001 анекдот»
05.00 Әзіл студио

7 КАНАЛ

06.00, 04.00 «Гу-гулет»
06.30, 05.00 «Айна-online»
07.30, 18.00,03.00Скетчком «Q-eli»
08.30, 02.10«Япырай»
09.00, 15.00Т/х «Мзгелсіз сезім»
10.00«Регина + 1»
12.10 «Орел и решка»
13.10 Шоу «Ну-ка, все вместе!»
16.00 Т/х «Барлау»
19.10 Т/х «Зың-зың Күлпәш»
21.00 Шоу «Маска», 2 сезон
00.00 Х/ф «Король воров»
05.30 «Қуырдақ»

Жексенбі - Воскресенье, 12 қыркүйек

ҚАЗАҚСТАН

06.00, 03.00 Әнұран
06.05, 02.35 «Қазақ даласының құпиялары»
06.30«Сағындырған әндер-ай»
07.20 «Сұлулық сыры»
07.35 «Күміс көмей»
08.15 «AQSAYYT»
08.40 «Үшінші шрек»
10.00, 18.00 Т/х «Ғашықтық дерті»
12.00 «Қазақстан дауысы»
14.00 «Шрек; мұратына жету»
15.00 «Менің отбасым»
15.50 Нұрболат Абдулиннің концерті
17.25 «Әйел әлемі»
20.00 «АРТА»
20.50 «Жүзден жүйрік»
22.30 Т/х «Жат мекен»
23.30 «Бамблби»
01.55 «АПТА»

ХАБАР

06.00, 02.00 Әнұран
06.00 «Кел, шырқайық»
07.20 «Самопознание»
07.30 «Сердце ангела»
09.15 «Келінжан-3»
14.30 «Иван Васльевич меняет профессию»
16.30 «Переговорщик»
18.30 «Маска»
19.00 «Ән әлемі»
20.00 Тұсаукерсер! «Eco maken»
21.00 Ақпарат арнасы «7 күн»
22.30 «Большая неделя».
23.30 «Семейные обстоятельства»
01.30 «Pro Sport»

АСТАНА

06.00 Қаламгер
06.30, 05.10 «Үздік әзілдер»
08.00 М/ф «Маша и Медведь»
10.00 «TeleBingo»
10.25, 22.00 Т/х «Үзілген моншақ»
12.00, 21.00 Т/х «Қара ниет-2»
13.00, 23.25 Т/х «КЭ БЭК»
14.30 Х/ф «Побег из аула»
17.30Т/х «Тағдырым жазылған күн»
18.30 «Ана»
20.25 Үздік әндер
20.45 Аялы алақан
00.55«Bas times»
02.05«Үздік әндер»
03.30 «KazNet»
03.50 «Әзілстан» жасырын камера
04.10 «Ән мен әзіл» концерттік

ЕВРАЗИЯ

06.00 «Той Заказ»
06.45«Индийское лето»
07.45 «Воскресные беседы»
08.00 «Мама, маған дауыс бер»
09.03 «Рысь»
14.00 «Тайны вокруг нас»
14.35 «Лучше всех»
16.35«Капитан голливуд»
18.50 «Добры вечер Казахстан!»
20.00 «Грани»
21.30 «Любовь матери»
01.50 «П@утина+»
03.05 «Әйел сыры»
03.50 «Той базар»

КТК

07.00 Әнұран
07.05, 03.25-04.10 «Әйел қырық шарақты»
07.50 «Аналарға әзілімді арнаймын»
09.20 «Юморина»
11.50Компаньонка»
16.00,03.00 «Аталар сөзі»
18.00 «Шаншар»
21.00 «Портрет недели»
22.00 «Золотая невеста»
00.00 «Отречение»
01.40 «Аталар сөзі»

ЖЕТІСУ

07.00 Әнұран
07.05 «Әсем әуен»
09.00 Жаңалықтар
09.30 Новости
10.00 М/ф «Тобот»
10.30 «Безбен»
11.00 «Бір бала»
11.40 «Алматы облысы - 20 жыл (20 тұлға)
11.45 «Спорт» (әдіс)
12.00 «Безбен»
12.35 «Зейнеп апаның әңгімелері»
13.00 «Кателік»
13.40 «Тарих парақтары»
14.05 «Әсем әуен»
14.30 «Қазақстанда жасалған»
15.00 «Беляночка и Розочка» ертегісі
16.00 Д/ф «Кең ауқымда»
16.30 «Ән тыңдайық» (онлайн-концерт)
17.00 «Қазақ үні»
17.35 «Полицейская служба»
17.52 «Тәуелсіздік жылнамасы»
18.00 «Спорт-тайм»
18.30 «Олжа»
19.05 «Ұлт құндылығы»
19.30 «Жүрек сөзі»
20.15 «Тәуелсіздік жылнамасы»
20.30 Апта /қаз/
21.30 Апта /рус/
22.20 К/ф «Әкемді жалға беремін»
00.05 «Әсем әуен»
00.20 Әнұран

31 КАНАЛ

06.00 Ризамын
06.30 Әзілдер күнделігі
07.10 «Тамаша live»
07.50 «Тәтті шоу»
08.50 «Өмір сахнасы»
09.30 «Готовим с Адель»
10.00«Tennisshow»
10.20What`sup?
11.30 «Аладдин»
12.00 «Лило и стич»
13.20 «Ангелы чарли-2; только вперед»
15.40Х/ф «Такси-2»
17.40Х/ф «Кикбоксер-3 : Искусство войны»
19.30Х/ф «Гренландия»
21.50Х/ф «Схватка»
00.20«Экстрасенсы против детективов»
02.20 «Тамаша live»
02.40 Алдараспан, Нысана, Шаншар әзілдері
05.00 Ризамын

7 КАНАЛ

06.00, 04.00 «Гу-гулет»
06.30, 05.00 «Айна-online»
07.30,18.10-02.00Скетчком «Q-eli»
08.30«Япырай»
09.00, 15.00 Т/х «Мезгілсіз сезім»
10.30 «Орел и решка»
11.30«Смешанные чувства»
13.10, 00.50 Х/ф «Семьянин»
15.00, 02.50«Бақытты шақ»
18.10«Изоляция»
21.00 Х/ф «Эффект колибри»
23.00Х/ф «Разведка»
05.30 «Қуырдақ»

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

КӨҢІЛ ПЕРНЕСІ

АЛЫП ЖҮРЕК ТОҚТАДЫ...

«24.08.21 жылы Құлагер ақын І. Жансүгіровтің ұлы Саят ағаның алып жүрегі сағат 13.00-де тоқтады.» деген хабарды чаттан оқып, «Жаны жайсаң ағам-ай! Ұлы талanттың тұяғы еді» деген ойға қалдым.

Жазда ғана Астанада өткен онлайн семинарда жүзін көріп, сөздерін тыңдаған едік. Ақынның екі ұлының аттары да ұқсас: Саят және Болат, екіншіден, дене бітімдері де «Тау тұлғалы, бүркіт мұрынды...» дегендей, Ілияс Жансүгіровтің тұлғасына тартқан. Жетісудан шыққан талантты жазушы досым, курстасым Әбдішованың филолог достарына жіберген суық хабарындағы «алып жүрегі» деген сөзде жүрегіне бала жастан қанша сызат түссе де мойымаған, ғұмырын әкесіндей бір арнаға арнаған Саят Ілиясұлының асыл бейнесі тұрды...

1970 жылдардың бас кезеңінде Талдықорғанда ашылған педагогикалық институтқа 1978 жылы Абай атындағы мемлекеттік педагогикалық институт атауы сияқты ақынның туған жерінде тұңғыш ашылған оқу ордасына марқұм Рүстембеков Леninшіл Зиябекұлынынан кейін 1977 жылы ректор болып тағайындалған, бүгінгі қоғам қайраткері, филология ғылымдарының докторы Жолдасбеков Мырзатай Жолдасбекұлы ақын есімін берігзді. 1979 жылы қоғамдық негізде институттың кең бір бөлмесінде ақынның музейі ашылды. Саят ағаның осы шарада суырылып алға шыққанын, не өзі бізге табыстаған материалдарын зерттеп, бақылағанын байқамадық. Музей көрмесінде ақынның тұңғыш ұлы ретінде екі сүреті орнастырылды. Біріншісі – анасы Бәтішпен (Бәтима болуы керек) бала кезінде түскен сурет; екіншісі – 1949 жылы інісі Болатпен Мәскеуде тау-кен институтына түскен кездегі студенттік шақтан естелік сурет еді.

Белгісіз бір күш тағдырыма ақын балаларымен түгелдей танысуды жазды. Биыл Нұр-Сұлтан қаласындағы №58 мектеп-гимназияға І.Жансүгіровтің аты берілуіне орай 21 мамырда «І. Жансүгіровтің өнегелі жолы» атты республикалық онлайн конференцияда сөйлеген сөзімді қатысып отырған Саят ағаға бағыттадым. Ол кісінің жас шақтағы суреттерін есіне салдым. Әкелерінің қыздары Үміт пен Ильфаға ерекше мейіріммен арнаған өлеңдерін және ақынның талайы тағдырына қатысты отбасылық суреттерді көрсеттім. Болат аға туралы сөйлегенімде қызы Лейла Болатқызы көзіне жас алды.

Ағамыздың анасы туралы естелікті Асқар Тоқмағамбетов айтып еді. Бүгін 91 жасында біз қоштасып отырған ағамыз 1930 жылы, ақпанның 2 жұлдызында Алматыда дүниеге келген І. Жансүгіровтің 1927 жылы Аманша атты алғашқы жары осы Талдықорғанда баладан қайтыс болды. 1928 жылы Мәскеуден журналист дипломымен оралған ақын сол кездегі Қазақстанның астанасы Қызылордада «Еңбекші қазақ» газетінде қызмет еткен. 1930 жылы Қызылорданың Жаңақорған ауданында туып-өскен қазақ тілі мұғалімі Төребаева Бәтима Ахметқызына қосылады. Асқар ақын фельетон жазуда Ілиясқа еліктегенін ол кісіні Түркістандықтар «жезде» деп танығанын айтады. Анасымен және атасымен Түркістанда тұрғаны, кейін анасының Алматы, Семей қалаларында тілші болып қызмет еткені Саят ағаның естелігінде де бар. Кейінірек құрған отбасында 1947 жылы «Бәтіш» деп аталған өз анасы дүниеден озады. Асылдың тұяғына қамқор болған жандар: ақынның идеялас достары кейінгі отбасы мүшелері – екінші анасы Фатима Ғабитқызы болған.

Ақынның тұңғышы 1949 жылы Алматыдағы №25 мектепті үздік тәмамдап, Мәскеудің түрлі-түсті металлургия институтының тау-кен инженері мамандығына оқуға түседі.

Саят ағаның әруағы риза болсын деген ниетпен Бәтима Ахметқызымен және інісі Болат Ілиясұлымен түскен суреттерін көпшілікке жариялауды жөн көрдім. Осы бейнелерге қарасақ: ол кісінің үлкен жүрегінің соғысы әлі де естіліп тұрғандай.

«Мен өзім тауда туып, тасында өстім...» деп жырлаған ақынның ұлы әке аманатын орындағандай. Ғылыми жолда қажымай-талмай еңбек етіп, тау-кен өндірісінің қыр-сырын зерттеп, өшпес-өлмес жұмыстар қалдырды. «Жақсының жақсылығын айт, нұры тассын» дегендей, біртуар ақынның ұрпақтары әкелерінің есімімен және әкеден жеткен алып тұлғаларымен мәңгілік есте қалады деп ойлаймын.

Жаны жайсаң, мейірімді ағаның иманы жолдас болсын! Бүгіндері жасы 86-ға қараған қарындасы Ильфа Ілиясқызына, қыздары Жамал мен Резеда Жансүгіроваларға қайғыра көңіл айтамын.

Алтын БАКРАДЕНОВА,
І. Жансүгіров атындағы ЖУ-дің қауымдастырылған профессоры, бұрыңғы ТҚПИ музейінің ғылыми қызметкері.

МЕДИАЦИЯ

ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУШІ ҚҰЖАТ

1995 ЖЫЛҒЫ 30 ТАМЫЗДА РЕСПУБЛИКАЛЫҚ РЕФЕРЕНДУМДА ҚАБЫЛДАНҒАН ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ КОНСТИТУЦИЯСЫ ОРНЫҚТЫ ТӘУЕЛСІЗ МЕМЛЕКЕТТІ ҚҰРУДЫҢ, ЕЛІМІЗДІҢ ОДАН ӘРІ ТҰРАҚТЫ ДАМУЫ МЕН ЖАҢА ҚҰҚЫҚТЫҚ КЕҢІСТІКТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ БЕРІК НОРМАТИВТІК ТҰҒЫРЫНА АЙНАЛДЫ.

«Халық айтса қалт айтпайды» дегендей, созбалаңға түскен, бітпейтін дау кімді болса да жалықтыратыны даусыз. Дегенмен, «Тисе терекке, тимесе бұтаққа» деген қағиданы ұстанып, жеңіліп қалған тарап, соттың келесі сатысына шағымдана беру әдетке айналып кетеді. Бұл түсінікті жайт. Өйткені, сот бір тараптың әрекетін ғана заңды деп табатыны белгілі. Сондықтан қазіргі таңда екі тарапты да риза ететіндей, дауды бітімгершілік жолмен шешудің атқарар рөлі орасан.

Міне, бұл ретте, арада туындаған дауды медиацияны қолдану арқылы шешудің берер пайдасы зор. Өйткені, медиацияның мақсаты – дауды шешудің медиацияның екі тарапын да қанағаттандыратын нұсқасына қол жеткізу және тараптардың дауласушылық деңгейін төмендету. Бір сөзбен айтқанда, басты мақсаты мәмілеге шақыру болып табылатын - 4 тарау, 28 баптан тұратын «Медиация туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 2011 жылдың 28 қаңтарында қабылданды. Еліміздегі медиацияны ұйымдастыру саласындағы қоғамдық қатынастарды реттеп, оны жүргізу қағидаттары мен рәсімін, сондай-ақ, медиатордың мәртебесін айқындайтын заң қолданысқа енгізілген. Медиаторға жүгіну керек пе, жоқ па дегенді тараптар өзара келісіп шешеді. Мұндай жолмен мәселенің шешілуі мүмкін болмаған жағдайда олардың сотқа жүгіну құқығы сақталады.

Бүгінде бүкіләлемдік тәжірибеде медиация ірі бизнестерден бастап, ажырасу мен дүниені бөлісу деген сияқты мәселелерге дейін кеңінен қолданылады. Халықаралық статистикаға жүгінетін болсақ, бүкіл келіспеушіліктердің 30-40 пайызы мадиация арқылы өткізіледі, ойдағыдай нәтижеге оның 85 пайызы ие болады екен.

Осыдан шығатын қорытынды алдағы уақытта да медиация заңының қолданылу аясын одан әрі кеңейту жұмыстарын пәрменді жүргізу керек, ол ортақ міндет. Оған барлық құқық қорғау органдары, билік өкілдері, қоғамдық ұйымдар ат салысуы тиісті. Себебі, дауды ушықтырмай, сотқа жеткізбей, медиация тәртібімен шешу қарапайым халық үшін өте тиімді әрі қоғамда әлеуметтік шиеленістерді болдырмаудың кепілі болмақ. Өкінішке орай, дауды шешудің бұл тиімді тәсілін көпшілік әлі біле бермейді. Сондықтан түсінік жұмыстарын кеңейту керек. Тегінде, «Дабыраған даудан, биттей бітімгершілік, кішкентай келісім артық» деп бекер айтылмаған ғой.

Абдулла ДОСАНОВ,
Алакөл аудандық сотының судьясы.

МАМАН МІНБЕРІ

ЖЕМҚОРЛЫҚ – жағымсыз әдет

Қазіргі қоғам күрделі заңдардан тұрады. Өмірдің өзі сол, қай нәрседен болмасын ақырын жүріп, аңдып басып, заңға жүгініп, жұмыс істеген жөн екенін өмірдің өзі дәлелдеп отыр.

Кейде адамдардың рухани сауатсыздығынан заңсыз істерге жол беріліп жатады, заң талаптарынан бейхабар болуынан құқыққа қарсы әрекеттер жасауға барады. Ал, заңды білмеу жауапкершіліктен босатпайтынын естерінде сақтамайды. Сондықтан қарапайым халықтың заң тұрғысындағы сауатын ашу жемқорлыққа қарсы күреске қосқан елеулі үлес болары даусыз.

Қоғам індетіне айналған сыбайлас жемқорлық көпшілікті зар илетуде. Осы орайда жыл сайын Президентіміз сыбайлас жемқорлықтың алдын алу үшін арнайы мекемелер мен мамандарға қатаң тапсырмалар береді. Заңсыз іс-әрекеттерге барғандарды қатаң жазалауды ұсынуда. Сыбайлас жемқорлықпен күрес мерзімдік науқан емес, яғни уақытша атқарылар шара емес, сол үшін заң шеңберінен аспай, қоғам дертіне айналған құбылыстың орын алуына жол бермеу үшін пәрменді шаралар атқарыла беруі керек.

Әрине, сыбайлас жемқорлық дәрі беріп емдейтін сырқат емес. Айналасындағы салауатты, таза және сау ортаны шарпып, тыныс-тіршілігін тарылтатын, заңсыз әрекеттермен қоғамдық ортаның және мемлекеттік органдардың, ұйымдардың, жеке кәсіпкерлердің, азаматтардың қызмет етуіне қатер төндіретін қауіпті дертті болдырмаудың тетігі – халықтың өзінде. Бұл дерттің алдын алып, қоғамға таралу жолдарын кесіп, оның ұлғаюына жол бермеу керек. Ол үшін жағымсыз әдетке қарсы ымырасыз күрес жүргізу қажет.

Ертіс ОМАРОВ,
Талдықорған қалалық сотының судьясы.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ЖЫР ДӘПТЕРІНЕН

Ел тағдырын, жер тағдырын ойламай

ОСЫ БІЗ ДЕ

Осы бізде бір әдет бар қызық-ақ.
Өршеленіп болмашыға қызынат
Ел басына күн туғанда ғайып боп.
Басқа күнде желдетеміз азынап.

Осы біз де бір әдет бар қызық-ақ.
Кеудемізге жалған намыс бұғынат.
Ел тағдырын, жер тағдырын ойламай,
Күндестік пен күншілдікке жығылат.

Осы бізде бір әдет бар қызық -ақ.
Денсаулықты түзейміз кеп, бұзып ап.
Көре алмастық көзімізді көгендеп,
Өсектейміз қу масадай ызыңдап.

Осы бізде бір әдет бар қызық-ақ.
Өзімшілміз. Өгей мінез тұзын ап.
Арланбаймыз . Мақтанамыз марсиып,
Боқ дүниенің желігіне қызып ап.

Осы біз де бір әдет бар қызық- ақ.
Той деген де жиналамыз құжынап.
Жұдырықтай жұмылмаймыз бірлікке,
Берекеміз осындайдан бұзылат.

ЕЙ, АДАМДАР

Ей, адамдар, қара жерді қорғаңдар.
Осы жерде өмірің бар, ордаң бар.
Шын дүние жер астында ойлаңдар,
Жер бетінде қалар мәңгі жалғандар.

Ей адамдар, жан -жағыңа қараңдар.
Қанша ғасыр өтті соны санаңдар.
Тыным таппай топырағын таптадың ,
Кең даламды қадырлеңдер, қорғаңдар.

Ей адамдар, жалаңдадың. жалмадың.
Күштімін деп,әлсіздерді қармадың.
Жер ананы бөліп алып бүлдіріп ,
Айдаһардай жұтсаңдағы тоймадың .

Орманды да табаныңа таптадың.
Жердің майы, өзеленіп сатқаның.
Алла берген баспанаңды тоздырып,
Айды алам деп, жөн болмадау жатқаның.

Климатта жылдан-жылға өзгерді.
Қыста жаңбыр, жазда қарды көз көрді.
Қоқыс сандық болып кетті қайран жер,
Неге соны түйсіктерің сезбеді?!

Мәз боламыз мәнсіз мына жыртаққа.
Біле алмадым рухани с…

САНАМДАҒЫ САН СҰРАҚ

Санамда жүр сан сұрақ сансыратып.
Қамап алды қапасқа қалтыратып.
Шықсам деймін бұлқынып буырқанып,
Ақ таңымды ертеңгі жарқыратып.

Санамда жүр сан сұрақ шимайланып.
Кетеді ойласаңыз ми айланып.
Неге деймін, жемтікке түсетұғын,
Болып кеттік ағайын құмайланып.

Санамда жүр сан сұрақ,тынымы жоқ.
Кеттікпе деп жұмырдың жырыны боп?
Алла алдына ағарып барсам деймін,
Қасиетті иманның шырыны боп.

Санамда жүр сан сұрақ,бұлаңқағып.
Жаулығы жоқ әжедей сылаңқағып.
Апырай деп өзіме таң қаламын,
Көр соқыр боп, көз алдым тұманданып.

Санамда жүр сан сұрақ арандалып.
Тоналғандай дәстүрден қараңғалып.
Туысқанның қадырын біле алмай,
Жат бауыр,жәбірейілдей жалаңдадық.

Санамда жүр сан сұрақ, бұрқыраған.
Жетімдердей жебеусіз шырқыраған.
Қараусыз қарт, қайырсыз бала көріп,
Соны ойласам сай сүйегім
сырқыраған.

Санамда жүр сан сұрақ шамырқанып.
Күйсіз, үйсіз жандарға таңырқанып.
Кең дала да кедейлік неден болды?
Дейсің. Бірақ қаласың жабырқанып.

Санамда жүр сан сұрақ, дариядай.
Жылмаңдайды сақалсыз қариядай.
Тілім - тілім тіліміз тірлігі жоқ,
Көне сүрдек құрдымнан айырылмай
Не жетті ағайындар табынардай?

ЖЫЛАП ӨТПЕ ӨМІРДЕН

Жылап өтпе өмірден, жылап өтпе.
Кетпесін келте күнің, тектен текке.
Жұмбақ өмір жұлмалап жылай берсең,
Арманыңның ұшырар күлін көкке.

Қан жыладық, аңсадық осы таңды.
Бастық талай шұбыртып артта шаңды.
Қара нардың бұйдасын кескен заман,
Сан сүрлеудің ізі бар, өшпес мәңгі.

Таң атты ма далам да, тектен тегін.
Өгей өмір өксіткен, болмай сенім.
Жылауықтар көбейіп бара жатыр,
Бодандықтың бұзған да әрең шебін.

Біз жыладық. Жыламасын ендігі ұрпақ.
Болмасын көне жол мен босқа салпақ.
Мен жылаймын, басқа емес тек тіліме,
Күдірі көп, күрмеусіз елге жалтақ.

Жылап жүріп кетпейік ардан тайып.
Жалғасады. Болмайды өмір ғайып?!
Керегемді кере алмай жатқан кез де,
Кетпесін кетігінді тасқын шәйіп.

ШӨЛДЕЙТІНДЕР

Биікке шығып алып шөлдейтіндер.
Мәз болып мансабына терлейтіндер.
Толып жатыр адамдар арасында,
Есеңгіреп ертеңді көрмейтіндер.

Биікке шығып алып, шөлдейтіндер.
Көрседағы шындыққа сенбейтіндер.
Дүниенің түбіне жететіндей,
Құнығып көк тиынды бермейтіндер.

Биікке шығып алып, шөлдейтіндер.
Жылпостықпен жымқырып жем жейтіндер.
Қымбатшылық қыспаққа алған кезде,
Байлығы бар,тарлықтан өлмейтіндер.

Биікке шығып алып шөлдейтіндер.
Адалдықтан аттауды жөн дейтіндер.
Қарапайым халықты көзге ілмей,
Арсыздықтың бесігін тербейтіндер.

Шығып алып биікке шөлдейтіндер.
Кеудесін даңғырлатып мен дейтіндер.
Көбейіп бара жатыр арамызда,
Адалдықтың емшегін ембейтіндер.

НАҒАШЫММЕН МАҚТАНАМ

Нағашымыз Албан. Суан. Дулатым.
Қызай анам солармен бір туатын.
Ғасыр бойы бұл дала да бір көшіп,
Бөліспеген өрісі мен суатын.

Албан ата Жеті суды мекендеп.
Айғай шықса жауды таптап кетем деп.
Мұқағали , Оразәлі өр тұлға,
Айталмайды оған пенде жетем деп.

Райымбек туын алған Заманбек.
Өксіп кетті, Қазағым деп, далам деп.
Алтынбектей арыстаным Алашқа,
Тура жолын Абылайдың салам деп.

Дулаттарға нұры түскен Алланың.
Шашады екен өнер үшін бар малын.
Береке мен бірліктерін ту еткен,
Мойындайды бар Қазағым талғамын.

Суаннан да шыққан ұлы тұлғалар.
Қожбанбет би. Қастейіптен үлгі алар.
Тарихын бірге жазған Қазақтың,
Өр рухы ұрпағы мен жырланар.

Бөлек,Сатай, Елтіндідей батыры.
Айтақын мен Жандарбектей ақыны.
Ірге тасы…

АРЫМ АРМАНЫМ

Еңсем түсіп, елеусіз мен келемін.
Байыз таппай баянсыз сенделемін.
Тарпаң мінез танытып тағдырым да,
Не ақың бар о, жазған мен де сенің!?

Әр нәрсеге әйтеуір кез келемін.
Істету де бұл жалған өз дегенін.
Білмесем де ертеңгі ермегімді,
Кебін киіп қаламба кезбелердің?!

Суға кетіп салындым, сандаламын.
Ортасын да жүргендей қандаланың.
Ботасынан жеріген боз інгендей,
Бұлаңдаған заманға таңқаламын.

Кейде кетем мезгілсіз тұманданып.
Барама болашағым бұраңқағып.
Үмітімме алаңдап армандаған,
Арымды намысыма тұрам жанып.

Адастырма ей Алла арманымды.
Табалатпа тексізге талғамымды.
Мен жатайын сәбидей бесігімде,
Жаныма жақындатпа жалғанымды.

ТАРИХ ТУҒАН ДАНАСЫҢ

Асқары биік Алатау әлі мұңданып.
Шалкөде жатыр кірпігі оның дымданып.
Өрдеңсіз өттің, өмірдің көріп наласын,
Бірақта рухың, өнеге болып тұрды анық.

Қара саздың да шыбығын жастай тербеттің.
Өрнегін салып өлеңдеріңді селдетің.
Қайталанбас Қазақтың биік тұлғасын,
Есігін қағып әлемге алғаш төрлеттің.

Тарих туған талғампаз ерен данасың.
Өтсе де ғасыр биіктеп Мұқа барасың .
Ұрпаққа қалды ескірмес мәңгі дастан боп,
Жасайсың бірге ұлтының тербеп санасын .

АЛАШ ЖЫРЫ

Таймаған тағылымы тұғырынан.
Алаштың айбатынан жыр ұғынам.
Әлі талай туады Алаштықтар ,
Бойға сіңген тектілік ғұмырынан.

Алашымның жыры.
Ғасырымның нұры.
Маңдайымнан туған,
Қазағымның күні.
Ұмытпаймыз әсте,
Еңбектерің ұлы.

Бас имеген жауыздықтың жазасына.
Таң қалам тамырының тазасына.
"Оян Қазақ" бас көтер деп ұрандап,
Жар салған бар қазақтың баласына.

Қорғаған байтақ жерді арлары мен.
Жол салған ұрпағына қандары мен.
Отанды апарамыз болашақта,
Қасиетті Алаштың талғамы мен.

Армандары асқақ.
Жауыздарды жасқап.
Рұқтарың жүрсін,
Болашаққа бастап.
Бағдарыңлы өтер ,
Ұрпақтарың жаттап.

ТАҒДЫР ТАУҚЫМЕТІ

Буырқанып бұрқыраған ақпанда,
Жұмыс жақтан үйге келе жатқанда.
Жол жағалап бір қария келеді...
Қарап қойып анда-санда аспанға.

Күн суытқан, қара боран атырап,
Желпілдейді етек жеңі жалбырап.
Ебелектей елбеңдейді ебдейсіз,
Жалғыз ағаш секілді ол қалтырап.

Келе жатыр сылти басып аяғын,
Қолына ұстап имек басты таяғын.
Сақал, мұрты өсіп кеткен үрпиіп,
Сәлем беріп, қасына мен таядым.

Қолымды алды, қалтырайды буыны,
Тым ескіріп кеткен екен киімі.
Еті қашқан еңгезердей денесін,
Аласартып еңкіш тартқан иығы.

Саусағы да арса-арса салалы,
Жанары да май шамдай- ақ жанады.
Қайта-қайта жалтақтайды бетіме,
Кім дегендей танымаған баланы.

Мен таныдым. Ол танымас мені де,
Жиырма жыл болдыма екен кемінде?
Бір ауылды дүркіретіп басқарға…
Бір сәт өмір
Таң да атты, кеште батар тоқтаусыз.
Әр күніңді өтті деме жоқтаусыз.
Әр минуттың жауабы жоқ демеңіз ,
Алла алдынан өте алмайсыз ақтаусыз.

Біреулерге бір күн өте қажетті .
Біреулерді бір күн мүлде мәз етті .
Осы уақыт адамзатты меңгерген,
Біреуге көп, ал біреуге аз етті .

Бай да өтер,кедей де өтер, міскін де.
Ең алапат иесі уақыт күштінде.
Өлшеулі өмір, бес- ақ аттап барасың,
Жаратпаған артық дәулет ешкімге?!

Кеше дедік келмейтінін білдікте.
Бүгін дейміз ойсыз ойнап күлдікте.
Сырлы өмір сырғып,жылжып барады,
Ертеңінді бірсәт ойлап жүрдікпе?

Бүгін естіп іңгалаған дауысты .
Ертең ол да бал шырын мен қауышты.
Уақыт - өмір, ал өмірің арпалыс,
Тағы солай түнменен күн ауысты.

Болат ҚҰРСАҚБАЙ
ЖАРКЕНТ ҚАЛАСЫ

Алатау
Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ГЕНДЕР

В КАЗАХСТАНЕ СЛОЖИЛАСЬ ЦЕЛАЯ СИСТЕМА

Активная экономическая роль женщин привели к объективному повышению социального статуса женщин в семье и обществе. Это, в свою очередь, привело и приводит к изменениям гендерных ролей в семье, к формированию новых гендерных моделей семьи в казахстанском обществе. Казахстан присоединился к важнейшим Конвенциям и Декларациям ООН и других международных организаций по правам женщин, что способствовало улучшению ситуации в сфере реализации политических прав женщин, преодолению скрытой и открытой гендерной дискриминации. Особенно важным с точки зрения реализации политических прав казахстанских женщин является присоединение страны к Конвенциям ООН «О ликвидации всех форм дискриминации в отношении женщин», «О политических правах женщин», «О гражданстве замужней женщины». Также Казахстан подписал ряд актов Международной организации труда, касающихся прав женщин и детей.

В нашей республике концептуальной базой гендерной политики является Концепция государственной политики улучшения положения женщин. Концепция определяет основные принципы, приоритеты и задачи гендерной политики в Казахстане. К задачам гендерной политики в Казахстане относятся: достижение сбалансированного участия женщин и мужчин во властных структурах; обеспечение равных возможностей для экономической независимости, развития своего бизнеса и продвижения по службе; создание условий для равного осуществления прав и обязанностей в семье; свобода от насилия по признаку пола. Концепция гендерной политики в Республике Казахстан рассчитана на современный период, а также на долгосрочную перспективу (до 2030 г.).

Стратегия гендерного равенства в Республике Казахстан является еще одним концептуальным документом, определяющим основные направления гендерной политики, которая нацелена на более эффективное решение наиболее актуальных проблем гендерной политики. В частности, концепцией предусматривается создание сети подготовки женщин-политиков, выделение бюджетных средств на реализацию социально значимых проектов по вопросам семьи и женщин и т. д.

В настоящее время для расширения возможностей женщин по трудоустройству и обеспечению занятости Стратегия предусматривает широкое развитие государственных и частных детских дошкольных учреждений. На сегодняшний день в Казахстане сложилась целая система институциональных механизмов, предназначенных для защиты прав женщин и повышения их статуса. Эти механизмы постоянно развиваются и совершенствуются, а их деятельность во всех сферах жизни становится все более действенной и эффективной.

Олег АНИСИМОВ,
судья Талдыкорганского городского суда.

ПРАВО

О ЗАКЛЮЧЕНИИ ПРОЦЕССУАЛЬНОГО СОГЛАШЕНИЯ

Действующий уголовно-процессуальный кодекс предусматривает два вида соглашений: в форме сделки о признании вины – по преступлениям небольшой, средней тяжести, либо тяжким преступлениям – в случае согласия подозреваемого, обвиняемого с подозрением, обвинением; в форме соглашения о сотрудничестве – по всем категориям преступлений при способствовании раскрытию и расследованию преступлений, совершенных преступной группой, особо тяжких преступлений, совершенных иными лицами, а также экстремистских и террористических преступлений. Процессуальное соглашение заключается между прокурором и подозреваемым, обвиняемым или подсудимым на любой стадии уголовного процесса или осужденным в порядке и по основаниям, предусмотренным УПК. При согласительном производстве в судебном заседанииучаствуют только прокурор, подсудимый и его защитник. Рассмотрение дела начинается с разрешения отводов и ходатайств, процессуального соглашения о признании вины. Выслушав прокурора, председательствующий выясняет у подсудимого, понятна ли ему сущность процессуального соглашения и согласен ли он с ним.

Судья также вправе разъяснить подсудимому сущность процессуального соглашения и задать вопросы подсудимому и его защитнику по обстоятельствам заключения процессуального соглашения о признании вины. После окончания рассмотрения процессуального соглашения председательствующий выясняет у подсудимого, какой срок ему потребуется для добровольного исполнения судебного акта в части имущественных взысканий, предусмотренных в соглашении, при этом выясняет его семейное и материальное положение. Подсудимому должно быть также предоставлено право что-либо дополнительно сообщить суду. После выслушивания подсудимого председательствующий удаляется в совещательную комнату.

Также, законодательно закреплено право государственного обвинителя, подсудимого и его защитника заявить в суде ходатайство о заключении процессуального соглашения о признании вины. В этом случае судебный процесс прерывается с предоставлением сторонам разумного срока для его заключения. После его заключения процессуальное соглашение о признании вины предоставляется судье, который постановляет о продолжении рассмотрения дела в согласительном производстве. Если согласие не достигнуто, рассмотрение уголовного дела судом продолжается в общем порядке.

Нуржан КАДИРБЕК,
судья СМУС Алматинской области.

ПРЕДПРИНИМАТЕЛЬСТВО

РАЗРАБОТАЛА АВТОРСКУЮ МЕТОДИКУ

По сообщению пресс-службы региональной палаты предпринимателей, вТалдыкоргане предпринимательница благодаря безвозмездному гранту государства открыла авторские курсы по обучению английскому языку. С октября прошлого года курсы окончили 52 участника.

Автор курса по изучению английского языка «EnglishNext2you» молодая предпринимательница Райгуль Желдибаева. Она окончила переводческое дело, является магистром гуманитарных наук. Дважды стипендиат международной программы Erasmus+. Последние пять лет проработала в Жетысуском университете в сфере международных отношений. Идея открыть бизнес ей пришла после знакомства с множествами практик.

«За время работы в сфере международных отношений я побывала в Испании, Кипре, Венгрии, Турции, где ознакомилась с практиками и методиками преподавания иностранного языка. Перед собой поставила цель создать авторский курс обучения английскому языку. Для изучающих иностранный язык очень важно, чтобы программа была удобной и результативной. В прошлом году я обратилась в Палату предпринимателей «Атамекен» и получила необходимые консультации. Записалась на проект по основам предпринимательства «Бастау Бизнес». Успешно окончив учебу получила сертификат. Следом перед членами комиссии защитила свой бизнес-проект и удостоилась безвозвратного гранта в размере 555 600 тенге», - отметил предприниматель.

Авторский курс адаптирован к международной системе тестирования на знание английского языка IELTS. Профориентированный английский предназначен для школьников, студентов и взрослых. Программа основана на развитии навыков общения, чтения, аудирования, письма академического английского языка. На сегодняшний день 52 участника прошли курсы и получили сертификаты. В будущем бизнесвуман планирует оказывать услуги по поступлению в зарубежные вузы.

По данным Палаты предпринимателей Алматинской области, с начала года в рамках программы «Еңбек» по проекту основам предпринимательства «Бастау Бизнес» обучились 2,5 тысячи безработных и начинающих предпринимателей. Всего из числа обученных по проекту с учетом завершивших в прошлые годы, грантовое финансирование и льготное кредитование получили порядка 900 бизнес-проектов.

Ш. ХАМИТОВ.

ОСНОВНОЙ ЗАКОН

КОНСТИТУЦИЯ - СТАБИЛЬНОСТЬ ЗАКОНА

Основной закон страны выступает фундаментом всех достижений, гарантом равных прав и возможностей казахстанцев. Заложив надежный фундамент нашей государственности, Конституция внесла свой весомый вклад в обеспечение внутриполитической стабильности и консолидации казахстанского общества. В сознании каждого казахстанца День Конституции связан с исторической датой принятия Конституции Республики Казахстан. 30 августа 1995 года на республиканском референдуме была принята Конституция Республики Казахстан, которая стала поворотным пунктом в развитии нашей страны. Конституция имеет высшую юридическую силу и прямое действие на всей территории Республики. В основном Законе отмечено, что высшими ценностями государства является человек, его жизнь, права и свободы. Основополагающими принципами деятельности Республики являются: общественное согласие и политическая стабильность, экономическое развитие на благо всего народа, казахстанский патриотизм, решение наиболее важных вопросов государственной жизни демократическими методами, включая голосование на республиканском референдуме или в Парламенте. Для нас, казахстанцев, праздник День Конституции является еще раз подтверждением исторической правоты демократического выбора Казахстана, осознанием исторической преемственности казахстанской государственности, важностью участия всех казахстанцев в совершенствовании государственных механизмов.С Днем конституции Республики Казахстан, дорогие казахстанцы поздравляю всех с праздником и желаю процветания каждой семье и каждому дому, мира и благоденствия, радости и благополучия каждому жителю страны.

Дәурен АКИМБЕКОВ
Заместитель руководителя юстиции Алматинской области

Полосу подготовил Ш. ХАМИТОВ

Алатау
Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ТОКИО-2020

ТАҒЫ БІР ЖАРЫСТЫҢ АЛАУЫ ТҰТАНДЫ

КҮНІ КЕШЕ ҒАНА ТОКИО ОЛИМПИАДАСЫНАН ОРАЛҒАН СПОРТШЫЛАРЫМЫЗ ЖАТТЫҒУДЫ ҚАЙТА БАСТАП ҮЛГЕРГЕНШЕ, МҮМКІНДІГІ ШЕКТЕУЛІ ЖАНДАРҒА АРНАЛҒАН ПАРАЛИМПИАДА ОЙЫНДАРЫНЫҢ АЛАУЫ ҚАЙТА ТҰТАНДЫ. ТӨРТКҮЛ ДҮНИЕНІҢ НАЗАРЫН ӨЗІНЕ АУДАРҒАН ПАРАЛИМПИАДА ОЙЫНДАРЫНА ЕЛІМІЗДІҢ СПОРТШЫЛАРЫ ДА ҚАТЫСЫП, ӨЗ ӨНЕРЛЕРІН КӨРСЕТУГЕ КІРІСТІ.

Сейсенбі кешкісін Токиода жазғы паралимпиада ойындарының ашылу салтанаты болды. Спортшылар шеруіне 5 мыңнан аса атлет қатысты. Ашылу салтанаты «Біздің қанатымыз бар» ұранымен өтті. Шеру басталмас бұрын жапондықтар көрген жұрттың таңдайын қақтыратын түрлі сахналық қойылым қойып, жаңа технологияның көмегімен шоу көрсетті. Өнер майталмандары әннен шашу шашты. Арасында мүмкіндігі шектеулі жандар да өнерлерін паш етті. Жалпы паралимпиада ойындарына Қазақстаннан 25 атлет қатысады. Олар спорттың жеті түрінен бақ сынайды. Бұған дейінгі паралимпиадалық ойынға Қазақстан құрамасынан мұндай көп мөлшерде спортшы қатыспаған болатын. Токио паралимпиада ойындарында біздің спортшылар үздік өнер көрсетеміз деген сенімде. Біздің спортшылар суға жүзу, парадзюдо, пауэрлифтинг, таэквондо, жеңіл атлетика, байдаркамен ескек есу және нысана көздеуден жарысқа түседі.

Сонымен, Қазақстанның Туын паратаеквондодан екі дүркін әлем чемпионы, үш дүркін Азия чемпионы Нұрлан Домбаев пен 2016 жылғы жазғы паралимпиада ойындарының күміс жүлдегері жетісулық Раушан Қойшыбаева алып шықты. Екі спортшымыз ұлттық нақыштағы киіммен шеруден өтіп, ұлтымыздың сән-салтанатын әлем алдында паш етті.

Қазақстан паралимпиадашылары Риода рекорд жаңартқан болатын. Оған дейін дүниежүзінің басын қосқан мұндай бәсекеден ешкім жүлдеге қол жеткізіп көрмеген. Алғаш болып суға жүзуден Зүлфия Ғабидуллина алтыннан алқа тағынса, жетісулық пауэрлифтинг шебері Раушан Қойшыбаева күмісті еншілеген еді. Бразилияда қол жеткізген жетістіктерін Токио жазғы паралимпиада ойындарында қайталай ала ма деген сұрақ туындайды. Дегенмен Қазақстан құрамасы жақсы дайындықпен аттанды. Алматы облысынан үш спортшы дүбірлі додада бақ сынайды.

Олар – парапауэрлифтингтен Раушан Қойшыбаева, Рахмеджан Хамаев, Гүлбану Абдыхалықова. Жерлестерімізге сәттілік тілейік!

Ришад ТҰРҒАНБАЙ

ДЖИУ-ДЖИТСУ

УКРАИНАНЫҢ КИЕВ ҚАЛАСЫНДА ДЖИУ-ДЖИТСУДАН «COM-BAT JU – JUTSU WORLD CHAMPIONSHIP KYIV – 2021» АТТЫ ӘЛЕМ ЧЕМПИОНАТЫ ӨТТІ. БАЙРАҚТЫ БӘСЕКЕДЕ ЕЛ НАМЫСЫН ҚОРҒАҒАН АЛАКӨЛДІК ӨРЕНДЕР ТОП ЖАРЫП, АБЫРОЙЫМЫЗДЫ АСҚАҚТАТТЫ.



Осыған орай, Алакөл ауданы әкімінің орынбасары М.Төлеужанов әлем чемпионатында жеңіске жеткен Айбол Жарболұлы, Іліяс Құмарұлы, Елдос Жандосұлы және жаттықтырушылары Арнұр Нұрланұлын құттықтап, жеке қабылдады.

Шара барысында сөз алған аудан әкімінің орынбасары: *«Жас болса да елдің намысын арқалап жүрген спортшыларымызға алдағы уақытта Олимпиада биігін бағындырып, ауданымыздың даңқын әлемге паш етіп, қайратты спортшылары атануларына шын жүректен тілектеспін»*, – деп ізгі лебізін білдіріп, арнайы сыйсияпатын табыс етті.

Бірнеше алпауыт мемлекеттердің басын қосқан дүбірлі додада аудан спортшылары еліміздің Көк байрағын биікте желбіретіп, үздіктер қатарынан көріне білді. Бұл жеңіс тек Алакөлдің ғана емес, еліміздің жетістігі.

Қасиет АРЫСТАН,
Алакөл ауданы әкімінің баспасөз хатшысы.

СПАРТАКИАДА

ҚОҒАМДЫҚ ҚОР ҚОЛДАУ КӨРСЕТТІ

Конституция күні қарсаңында Қапшағайда мүмкіндігі шектеулі жандар арасында спартакиада өтті.

Футбол, волейбол, баскетбол мен шахмат пен дойбы ойындары бойынша өткен жарысқа 20-дан астам адам қатысты. Сайыс «Бізбен бірге» қоғамдық қорының қолдауымен Қапшағай арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету орталығында өтті.

«Біздің орталықта 130-дан астам адам қаралады. Денсаулығындағы ерекшеліктеріне қарамастан, олар футбол, волейбол, баскетбол ойнап, спортпен белсенді түрде айналысады. Қазіргі пандемия уақытында көп жандар қозғалыс тапшылығын сезініп жатыр. Сондықтан осындай жарыстарды өткізу маңызды», – дейді Қапшағай арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету орталығының маманы Алмаз Ахатқызы.

Спартакиада жеңімпаздарына бағалы сыйлықтар мен алғыс хаттар табысталды.

Әсел САРҚЫТ

АРМСРЕСТЛИНГ

СПОРТ ПЕН БІЛІМ ДЕ ШЕК ЖОҚ

2021 жылдың 18-25 тамыз айы кезінде Алматыда армрестлингтан (қол күрестен) XV Азия чемпионаты өтті. Аталған жарыста Алматы облысы, Көксу ауданының споршылары Абдуали Тастанов X мәрте чемпион атанса, шәкірттері Асқар Сарсеков алтынға қол жеткізді. Мүмкіндігі шектеулі жандар арасында Бүркітбек Мұқамет қола жүлдегері атанды.

Өмірдің соқпалаң жолдарын көрсе де, мойымай «қазақ» елін Азия жұртына дейін танымал еткен қара күштің иесі, ардагер спорт шебері Абдуали Тастанов ағамен әңгімелесіп қайтқан едік.

«Мен әкемнен ерте айырылдым. Анам сауыншы қызметін атқарып жүріп, 11 баланы тәрбиеледі. Тепсе темір үзетін жігіт болғандықтан анамның қолына қарап отырмадым. Қара жұмыс мені шыңдады. Біздің кезде спорт саласы дамымаған еді. Сонда да спортқа қызығушылығымда шек болмайтын. Мектеп қабырғасын тәмамдап, әскер қатарына қызмет атқардым. Ер азаматтық борышымды өтеп жүріп, «Самбодан» спорт шеберіне іліктім. Содан кейін «Құрылыс-техникумда» білім алсам да, спорттан қол үзбедім. Кір спортынан 1986 жылы Талдықорған бойынша бірінші спорт шебері атандым. 1991 жылы қазақ еліне армсрестлинг (қол күресі) спорты енгізілді. Содан бері бұл спорт түрін жаныма серік еттім.» деп спорт шебері әңгімесін бастады.

Бір ойлағанда бұл спорт түріне қара күш қана қажет сияқты болып көріну мүмкін. Бірақ та, емтілікті те талап етеді екен. Жеңілуді білмейтін спорт шебері 2011 жылы қыркүйек айында Қазақстанда өткен 10-шы Азия чемпионатының жеңімпазы атанып, содан кейін 2012 жылы мамыр айында Иран мемлекетінің Горган қаласында 11-ші Азия чемпионатына қол жеткізеді. Сөйтіп, халықаралық спорт шебері Азияның 10 дүркін чемпионы атанады. 32 кг кір тасын бір саусақпен 15 рет көтеріп, адамдарды таң қалдырып, рекордтық кітаптарға да еніп үлгерген. Сонымен қатар, ЭКСПО-дағы жапониялық апарат көрсеткіші бойынша бұл кісі 29-34 жастағы дене бітіммен сәйкес келген. Қақаған аязды күні яғни 39 градустық суық мерзімде қармен жуынып, денсаулығын одан сайын жақсартудың амалын іздестірген Абдуали ағаның бүгінде 3 ұл, 2 қызы бар. 3 ұлы да спорт саласынан алыс емес. Үлкен ұлы Асқар дзюдо күресінен Алматы облысының чемпионы. Бүгінде, Көксу ауданына қарасты Балпық би ауылының балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінде дзюдо күресінен жаттықтырушы. Ортаңғы ұлы Асхат мектеп қабырғасында болса да, дзюдондан Көксу ауданының чемпионы. Кіші ұлы Али бокс спорт саласын жанына серік еткен.

Жақында ғана спорт академиясын тәмамадап, қазіргі таңда шәкірттер тәрбиелеп отыр. Жаттығу залындағы маңдайындағы терді көріп, білім мен спорт та шектеудің жоқ екенін Абдуали аға дәлелдеп бергендей болды.

Ардагүл ӘСКЕРБЕК

ФУТБОЛ

БАЛПЫҚ БИ АУЫЛЫНДАҒЫ БАТЫРЖАН ОҢҒАРОВ АТЫНДАҒЫ ОРТАЛЫҚ СТАДИОНДА ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ КОНСТИТУЦИЯСЫ КҮНІНЕ АРНАЛҒАН 2011-2012 ЖЫЛҒЫ ЖАСӨСПІРІМДЕР АРАСЫНДА ФУТБОЛДАН АШЫҚ ТУРНИР ӨТКІЗІЛДІ.

АЛТЫ КОМАНДА БАҚ СЫНАДЫ



Ашық турнирге 6 футбол командасы қатысты. Қатысқан командалар: ФЦ Жетісу 2011, ФК Жетісу, ФК Көксу, ФК Бақтыбай, ФК Ескелді, ФК Мұқыры. Турнир нәтижесі бойынша: ФЦ Жетісу 2011 командасы - III орын, ФК Бақтыбай - II-орын, ФК Мұқыры - I-орынға ие болды. Турнирге қатысқан командалар арасында ең үзік ойыншылар: Есейбек.Н. Мұхамеджан.М. Бекбас.А. Қасымбай.Н.

Сонымен қатар турнирге белсене қатысқан жаттықтырушылар да алғыс хатпен марапатталды.

А. ҚҰСЫМАНҚЫЗЫ.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел. : 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail. ru, www. alatau. kz@mail. ru

ӨНЕРГЕ ҚАНАТ ҚАҚҚАНДАР

ҮЙІРМЕГЕ ҮЙІР БОЛ!

Мөлдір МУХАМЕТКЕЛДІҚЫЗЫ: «Қыздарым Ахатова Наиля мен Адель кішкентайынан өнерге жақын.

Наиля математика мен әдебиет пәнін жақсы көреді, өскенде дәрігер болуды армандайды. Бос уақытында сурет салып, кітап оқиды. Бес жасынан балет-гимнастикаға қатысады, би билегенді де жақсы көреді. Ал Адель болса Отанын қорғайтын әскери қызметкер болсам деп армандайды. Екеуі де бірінші сыныпты үздік бітірді. Қандай шаруа жасаса да, қайда барса да үнемі бірге. Жазғы демалысты бос өткізбесін, уақыттарын ұтымды пайдалансын деп «Мейірім» шығармашылық орталығындағы бейнелеу мен шешендік өнер үйірмесіне жаздырған едім. Қыз-дарыма сабақ өте қатты ұнайды. Осында келгелі біраз нәрсені игерді, әлі де үйреніп жатқандары көп. Шешендік өнер де, бейнелеу де заман талабына сай қажетті мамандықтың бір түрі деп есептеймін. Сондықтан болашақта қыздарымның бірі осы саланы таңдар деген ойдамын. Ата-ана ретінде «Мейірім» шығармашылық орталығының ұжымына алғыс айтамын, тынымсыз еңбектеріне жеміс тілеймін».

* * *

Нұрай ІЛИЯСҚЫЗЫ: «Талдықорған қаласы Еркін ауылындағы № 26 орта мектептің 5 сынып оқушысымын. Жазғы демалыс уақытында «Мейірім» оқыту орталығында кестелеу үйірмесіне қатысып, кестелеудің қыр сырын үйренудемін. Алғаш орталыққа барғанымда біраз қобалжып, ине ұстауға қорықтым. Ұстазым Нұргүл Ершатқызы өте білікті, білімді, шебер, өз ісіне сүйіспеншілікпен қарайтынына қарап бойдағы қорқынышым бірден басылып, кестелеуге деген құлшынысым арта түсті. Қазіргі карантин уақытында бәріміз маска тағып жүруге міндеттіміз. Соған орай сабаққа тағатын масканы кестелеп, өзіме ұнайтындай етіп тігіп алдым. Сонымен қатар үйірмеде үйренгендерім жетерлік. «Мейірім» орталығындағы ұстазыма шексіз алғысымды білдіремін. Сабақтан бос уақытымды тиімді пайдаланатыныма өте қуаныштымын. Осындай оқыту орталығының барына қуаныштымын. Орталықтың өнерлі шәкірттері көп бола берсін».

ӨЗ ТІЛШІМІЗ

МАМАН КЕҢЕСІ

АҒЗАҒА ЗИЯН

Мамандар денсаулыққа зиян тигізетін бес көкөністі айтты. Бұл көкөністер ағзаға пайдалы болғанымен, бірақ кейде олардың зияны пайдасынан асып түседі.

5 көкөніс

1. Сонымен диетологтар картопты күнде жейтін тамақ құрамына қоспау керек дейді. Картоптың құрамында көптеген қоректік заттар бар, олардың ең маңыздысының бірі – калий. Алайда картопта жүйке жүйесі мен крахмалға кері әсер ететін соланин бар, сондықтан картоптың гликемиялық индексі жоғары. Әсіресе қуырылған картопты жиі тұтыну денсаулыққа зиян.

2. Қызанақты өсірген кезде химиялық заттар пайдаланады. Сондықтан қызанақты гастрит немесе асқазан қышқылына байланысты ойық жарасы бар адамдар тұтынбауы керек. Қызанақ қандағы қант деңгейіне де әсер етеді.

3. Баклажан соланин мен оксал қышқылына бай. Бұл бүйректе тас пайда болуына әкеледі.

4. Қырыққабатты қалқанша безі ауруы бар адамдарға жеуге болмайды. Себебі, оның құрамында йод көп. Бұл көкөніс асқазанның қышқылдығына әсер етеді, сондықтан гастрит пен ойық жараға тыйым салынған.

5. Пияз құрамында фруктан бар, ол асқазан-ішек жолдары үшін қауіпті және гастрит тудырады. Сондықтан асқазан-ішек жолы ауыратын адамдар пиязды аз жегені дұрыс.

Сарапшылар көкөністерді тұтынған кезде мөлшерді сақтау керек екенін, ал қандайда бір ауруы бар адамдар диета ұстағанда дәрігермен кеңесу қажет екенін айтады.

БІЛГЕНГЕ МАРЖАН

Тіс пастасы мен щеткасының пайда болғанына 70-80 жылдың жүзі ғана болды. Соның арқасында тіс жуу әдетке айналды. Таңертең тұра салып, тіс жуамыз. Жатарда жуатындар тағы бар.

ЕЖЕЛГІ АДАМДАР ТІСІН ҚАЛАЙ ЖУҒАН?

Тіс щеткасы алғаш 1700 жылдары жасалған. Уильямс Аддис есімді ағылшын азаматы түрмеде отырып, жануардың сүйегі мен қылынан тіс щетка жасап, кейін оны үлкен өндірістік тауарға айналдырады. Оны сатып алушылар да көп болған көрінеді. Кейін XX ғасырдың 40-жылдары қылдың орнына нейлон салынып, қазіргі тіс щетканың үлгісі пайда болды. Соған қарағанда адамзат тісті жуып-тазалаудың аса маңызды екенін бұрында түсінген сыңайлы. Бұған археологиялық қазба жұмыстары дәлел.

Гиппократтың өзі тісті қалай жуып, қалай таза ұстаған дұрыс деген сауалға жауап беріп, нұсқаулық жазып кеткен екен. Медицинаның атасы тісті арнайы ұнтақпен жуу қажетін айтқан. Соған қарағанда тіс порошогі сол заманда-ақ болғанға ұқсайды.

Ал қытай мен мысыр жазбаларында "тісті аман сақтағыңыз келсе, жуып-тазалаңыз, тісжегіні құртыңыз" деген сыңайда кеңестер жазылған. Бұл мәдениеттің ежелгі өкілдері талдың тамырын шайнап, балықтың сүйегімен, кірпішкенің инесімен тіс шұқыған екен.

Ал қазіргі Араб түбегі мен Үндістан, Солтүстік Африка халықтары тісті ағаштың тамырымен тазалаған. Оны мисуак деп атайды. Бұл халықтар әлі күнге дейін тісті мисуакпен жуады.

Құрылтайшы "АЛМАТЫ-БОЛАШАҚ" АҚ

Баспахана директоры Бақберген ТҮКІБАЕВ

Бас редактор Айтақын БҰЛҒАҚОВ

Редакция алқасы:
Сарби ӘЙТЕНОВА – редактордың орынбасары
Ардагүл ӘСКЕРБЕК – тілші
Жания КАРАУЛОВА – тілші

Кезекші редактор: А. ӘСКЕРБЕК

Алатау

Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінде 2007 жылғы 27 тамызда тіркеліп, № 8639-Г куәлігі берілген.

Газет аптасына бір рет, жұма күні шығады. Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.

Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32 үйде "Алматы-Болашақ" АҚ филиалы "Офсет" баспаханасында басылады.

Редакция мекенжайы: 040000, Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үй, екінші қабат.

Телефондары: 8(7282) 41-11-70, 41-11-42;
E-mail: alatau_offset@mail. ru, www.alatau.kz@mail. ru
Сайты: alatau_gazeti

Газет 07.08.2000 жылдан бастап шығады.

Таралымы 3554
Тапсырыс № 873
Индекс 15534